

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ-нің есептік саясаты

Мазмұны:

1. Ұйымдастыру-техникалық бөлімі

- 1.1. Ұйымдастыру-құқықтық мәртебе
- 1.2. Бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру
- 1.3. Бухгалтерлік құжаттама
- 1.4. Түгендеу

2. Әдістемелік бөлім

- 2.1. Қаржылық есептілік
- 2.2. Кіріс
- 2.3. Ақша құралдарының есебі
- 2.4. Материалдық емес активтер
- 2.5. Негізгі құралдар
- 2.6. Жалдау
- 2.7. Қорлар
- 2.8. Қызметкерлерге сыйақы беру
- 2.9. Дебиторлық қарыз
- 2.10. Кредиторлық қарыз
- 2.11. Бюджетпен есеп айырысу
- 2.12. Шығыстар

3. Есептік саясатты сақтауға бақылау жүргізу

4-8. Есептер мен есепке алудың жеке түрлері

Қосымшалар:

- Шоттардың жұмыс жоспары;
- Типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Жалпы ережелер

Осы есептік саясат:

- ҚР 27.07.2014 жылғы «Кәсіптік одақтар туралы» № 211-V заңына;
- ҚР 28.02.2007 жылғы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» № 234-III заңына;
- ҚР Қаржы министрінің 22.06.2007 жылғы № 217 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептіліктің № 2 Ұлттық стандартына;
- ҚР Қаржы министрінің 22.06.2007 жылғы № 221 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізу ережелеріне;
- ҚР Қаржы министрлігінің 23.05.2007 жылғы № 185 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есептердің типтік шоттарының жоспарына;

- 2014 жылғы 14 қазан жағдайы бойынша ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес әзірленген.

Есептік саясат:

а) бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың және қаржылық есепті құрудың қағидаттарының, ережелерінің біртұтас жинақтарын анықтайтын ішкі нормативтік құжат болып табылатындығы;

б) шаруашылық қызметінің фактілері осы фактілерге байланысты ақша құралдарының түсуінің немесе төлеуінің нақты уақытына тәуелсіз орын алған есептік кезеңге (шаруашылық қызметінің фактілерінің уақытша айқындылығына жол беру) жататындығы;

в) қабылданған есептік саясат жүйелі түрде жылдан жылға қабылданады деген сияқты рұқсаттардың негізінде құрылған.

Есептік саясат өзгерген жағдайда өзгертулерді көрсетудің болашақты амалы қолданылады, яғни, жаңа есептік саясат оны өзгерткен күннен кейін болатын жағдайлар мен шарттарға қолданылатын болады.

Әрбір қаржылық жыл 1 қаңтардан басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

1. ҰЙЫМДАСТЫРУ-ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

1.1. Ұйымдастыру-құқықтық мәртебе

Кәсіподақ ортақ өндірістік, кәсіби және басқа әлеуметтік-экономикалық мүдделермен байланысқан азаматтардың ерікті көңіл білдірулерінің негізінде құрылған белгілі жеке мүшелігі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады. Кәсіподақ өз қызметінде мүшелерінің тең құқықтылығы, өзіндік басқару, заңдылық, есептілік пен жария етудің негізінде құрылған және әрекет етеді.

Кәсіподақ қызметінің мәні Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, кәсіптік, сонымен қатар басқа әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, ұжымдық құқықтары мен мүдделерін ұсыну және қорғау болып табылады.

Кәсіподақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген заңды тұлға болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама 2014 жылдың 22 қазанында берілген.

Орналасқан орны: 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 38.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі: 050740007477.

Кәсіподақ ҚР Конституциясына, ҚР «Кәсіподақтар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдарт туралы» заңдарына, халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларына және Кәсіподақтың 2014 жылғы 9-қазандағы XIII съезінде бекітілген жарғыға сәйкес әрекет етеді.

Кәсіподақ мүшелерінің тең құқықтарының, өзіндік басқарудың, заңдылықтың, есептілік пен өз қызметінің ашық болуының негізінде құрылған және әрекет етеді.

Кәсіподақтың мақсатына:

- Кәсіподақтың құрамына кіретін мүшелік ұйымдардың әрекеттерін шоғырландыру және үйлестіру;

- кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек және басқа да құқықтары мен мүдделерін ұсыну мен қорғау жатады.

Кәсіподақтың өзіндік балансы, банктердегі шоттары, мөрі бар және мүліктің иесі болып табылады.

Басқару функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті лауазымдық тұлғалар: Кәсіподақтың төрағасы мен мүшелік ұйымдардың төрағалары болып табылады.

Есептік саясатты құрастыруға, бухгалтерлік есепті жүргізуге, толық және айқын қаржылық есептілікті өз уақытында ұсынуға жауапкершілік Кәсіподақ төрағасына жүктеледі.

Кәсіподақ басшылығы бас есепшіге есептік саясатпен бекітілген ережелер негізінде өздігінен шешім қабылдауды, қаржылық есептілік көрсеткіштерін құрастыру сұрақтарына, оның ішінде қаржылық есептіліктің элементтері мен олардың құрамдастарын жіктеу, мойындау, бағалау және есептеу сұрақтарына қатысты сұрақтарға кәсіби пікір білдіруді, сонымен қатар оларға қатысты ақпаратты ашуды табыстайды.

1.2. Бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру

Кәсіподақтың және мүшелік ұйымдардың төрағалары бухгалтериядағы қызметкерлердің тізімдерін анықтайтын және бухгалтерлік құжаттарды жүргізу мен қаржылық есептілікті құруға жауап беретін бас есепшілерді тағайындайды.

Бухгалтерияның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжатқа бухгалтерлік есепті жүргізудің Ережелері жатады.

Бухгалтерия қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері лауазымдық нұсқаулықпен реттеледі.

Бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде бас есепші:

- есептік саясатпен қабылданған есептік кезең ішіндегі операциялар мен оқиғаларды көрсетудің және активтер мен міндеттемелерді бағалаудың өзгермеуін;

- есептік кезең ішіндегі есепке алуда осы кезеңде жүзеге асырылған барлық операциялар мен оқиғалардың, және активтер мен міндеттемелеріне жүргізген инвентаризация нәтижелерін толық көрсетуді;

- кіріс пен шығыстың есепті кезеңдерінде дұрыс көрсетілуін;

- талдау есебі деректерінің әрбір айдың басына синтетикалық есептің шоттары бойынша айналымына және қалдықтарына үйлестігін қамтамасыз етеді.

Бас есепшіні лауазымынан босатқан кезде істерді қайта тағайындалған бас есепшіге өткізу жүргізіледі. Істерді өткізу Төрағаның бұйрығы негізінде жүргізіледі, онда көрсетілетіндері:

- бухгалтерлік қызметтің істерін қабылдау-өткізу мерзімдері, бірақ 2 аптадан аспауы керек;

- өткізуші мен қабылдаушының еңбекақы төлеу тәртібі;

- істерді қабылдау-өткізу кезеңінде құжаттарға қол қою құқығы кімге берілгендігі.

Істерді өткізу процесінде бухгалтерлік есептің жағдайы, есептік деректердің дұрыстығы тексеріледі. Істерді өткізу Төрағаның қол қоятын қабылдау-өткізу актісі жасалады, оны тиісті кәсіподақ ұйымының басшысы бекітеді.

Акт 2-данада жасалады. Біреуі бухгалтерлік қызметте, екіншісі – істі өткізуші тарапта қалады.

Бас есепшінің операциялар мен оқиғаларды құжаттамалық рәсімдеуге, бухгалтерлік қызметке есептік құжаттарды өз уақытында ұсынуға қатысты талаптар барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

Бас есепшінің қолы қойылмаған ақша, есептік, қаржылық және несиелік құжаттар жарамсыз болып табылады және орындалу үшін қабылданбайды.

Мүлктің, шаруашылық операцияларының міндеттемелері бухгалтерлік есебі теңгемен жүргізіледі; жазба амалдары: қолмен және автоматты түрде (1С: бухгалтерия).

Жүзеге асылып жатқан шаруашылық операцияларына ішкі бақылау жүргізуді бастапқы есептік құжаттарды есепке алу сәтінде жүзеге асырады және төменде көрсетілген бағыттарды іске асыратын бақылау тәртіптерінен тұрады:

- санкциялауды бақылау (әрбір операция рұқсатталған);

- заңдылықты бақылау (әрбір операция заңнамаға сәйкес келеді);

- уәкілеттілікті бақылау (операцияларды жүзеге асыру мен оларды есепте көрсету үшін есептік қызметкерлердің міндеттерін дұрыс бөлу және оларды орындауға бақылау жүргізу қарастырылған);

- деректерді өңдеуді бақылау (басшылық тарапынан құжаттандыру мен жүйелік жазбаларды бақылау қарастырылады);

- қорғау жүйесін бақылау (активтерге шектеулі рұқсат қамтамасыз етілген);

- тәуелсіз бақылау (тексерушілер мен бақылаушылардың тексерілетіндер мен бақыланатындардан тәуелсіздігі қамтамасыз етілген).

Кәсіподақтың есептік саясатының құжаттарына осы есептік саясат, бухгалтерлік есептің шоттарының жұмыс жоспары мен айналым құжатының ережелері жатады.

Мүлкті, міндеттемелерді және шаруашылық операцияларды есепке алу бухгалтерлік есептің шоттарының жұмыс жоспарына (№ 2 қосымша) сәйкес жүргізіледі.

Операциялар мен оқиғалардың талдау есебін жүргізу Кәсіподақтың қажеттілігіне сай белгіленген.

1.3. Бухгалтерлік құжаттама

Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізуге белгілі талаптар қойылады, оның ішінде негіздері болып табылатындары: жазбалардың құжаттамалығы, қысқалығы мен түсініктілігі.

Барлық шаруашылық операциялар бастапқы растайтын құжаттармен рәсімделеді, олардың негізінде бухгалтерлік есеп жүргізіледі.

Шаруашылық қызметінің фактілерін рәсімдеу үшін Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің 2007 жылғы 21 маусымдағы № 216 бұйрығымен бекітілген Бастапқы құжаттардың типтік формалары мен «ІС» бағдарламасымен қарастырылған бастапқы құжаттардың формалары коданылады.

Бастапқы құжаттар, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен бекітілген форма немесе талаптар бойынша құрылған болса, есепке алынады.

Уәкілетті орган формаларын немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітпеген және Кәсіподақ өздігінен бекіткен бастапқы құжаттар, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті реквизиттерден тұратын болса, есепке алынады.

Операциялардың немесе оқиғалардың сипатына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына және есептік ақпаратты өңдеу амалына сай бастапқы құжаттарға қосымша реквизиттер енгізілуі мүмкін.

Бухгалтерияға түсетін бастапқы растайтын құжаттар формасы (құжаттарды рәсімдеудің, реквизиттерді толтырудың толықтығы мен дұрыстығы), мазмұны (құжаттандырылған операциялардың заңдылығы, жеке көрсеткіштердің логикалық біріктіруі), арифметикасы (сомаларды есептеу) бойынша міндетті тексерілуі тиіс.

Ақшалай, тауарлы-материалдық және басқа құндылықтарды қабылдау, сақтау және шығарыстарын жүргізу операцияларының құжаттары заңнамаға және белгіленген тәртіпке қарама-қайшы болған жағдайда, орындалуға жатпайды.

Бұрын жіберілген дұрыс емес жазбаларды түзету үшін түзетуді жүргізу туралы бухгалтерлік анықтама (шаруашылық операцияларының мазмұнын сипатау арқылы ерікті формада) жасалады. Бухгалтерлік анықтамаға оны орындаушы (бухгалтер) қол қоюы керек.

Түзетулерді енгізу түзетпе жасау мен қосымша жазу жолдарымен жүргізіледі.

Құжат айналымының ережелерін сақтауға, құжаттарды уақытылы және сапалы құруға, оларды бухгалтерлік есеп пен есептілікте көрсету үшін уақытылы өткізуге, құжаттардағы деректердің айқындылығына жауапкершілік осы құжаттарды орындаған және қол қойған тұлғаларға жүктеледі.

Нақты құжаттарды сақтау үшін әрбір есептік кезеңге істер (сақтау бірліктері) жасалады. Іске есептік кезеңнің – айдың, тоқсанның, күнтізбелік жылдың құжаттары, өтетін істерден (күнтізбелік жыл аяқталғанда жабылмайтын жеке іс) басқа, құжаттар топтастырылады. Істе бірнеше айдың құжаттары бар болған кезде, құжаттар айды көрсету арқылы қағаз беттерімен ай бойынша бөлінеді. Оларды бекіткен немесе құрған уақытқа тәуелсіз, құжаттарға берілген қосымшалар өздері жататын құжаттарға қосылады.

Іс қағаздарын жүргізумен аяқталған істер өздері толтырылған күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін оларды тұрақты сақтау үшін өткізуге дайындау үшін Қазақстан Республикасының мұрағаттық сақтау бөлігіндегі заңнамасына сәйкес міндетті рәсімдеу мен есептен шығаруға тиесілі.

Бастапқы құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қаулыларының негізінде тергеу, алдын-ала тергеу органдары және прокуратура, салық органдары мен қаржы полициясы ғана алуға құқылы.

Бухгалтерлік мұрағатта сақтау кезіндегі сақтау жауапкершілігі тиісті бөлімшенің бухгалтеріне жүктеледі.

Осы саясаттың № 3 қосымшасына сәйкес сақтаудың келесі мерзімдері белгіленген.

Құжаттарды сақтау мерзімі олардың іс жүргізуі аяқталған жылдан кейінгі жылдың I қаңтарынан бастап есептелінеді.

1.4. Түгендеу

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің деректерінің айқындығын қамтамасыз ету мақсатында есептік жылдың 31-желтоқсанына мүлік және ақшалай міндеттемелерге жыл сайынғы түгендеу жүргізіледі.

Түгендеу міндетті түрде:

- материалдық-жауапты тұлғалардың ауысқан кезінде (істерді қабылдау-өткізу күні);
- мүлікті ұрлау немесе теріс пайдаланушылық және бұлдіру фактілерін анықтаған кезде;
- табиғи апаттары, өрт, апат немесе оқыс жағдайдан туындаған басқа да төтенше жағдайлар кезінде;
- кәсіподақ ұйымын жою (қайта ұйымдастыру) кезінде жүргізіледі.

Түгендеуге:

- оның орналасқан жеріне тәуелсіз Кәсіподақтың мүлкі тиесілі.

Түгендеу жүргізу мен оның нәтижелерін рәсімдеу үшін тиісті құрылымдық бөлімшенің Төрағасы тағайындайтын түгендеу комиссиясы құрылады.

Түгендеу жүргізілгенге дейін комиссия мүшелері:

- осы нысандар бойынша жүргізілген соңғы түгендеу материалдарымен, соңғы түгендеу нәтижелері бойынша қабылданған шаралармен толығырақ танысу керек.

Түгендеу аяқталғаннан кейін рәсімделген тізімдер (актілер) тексеру, түгендеу нәтижелерін есепке алуға анықтау мен көрсету үшін бухгалтерияға өткізіледі.

Түгендеу нәтижелері түгендеу аяқталған айдың есебі мен есептілігінде көрсетілуі тиіс.

Қордың табиғи шығын көлемінен көп жетіспеушілік пен бұзылуын кінәлі тұлғалар болған жағдайда кінәлі тұлғалар орнына қояды.

Комиссия түгендеу кезінде табылған жетіспеушілік немесе артықшылықтардың себептерін анықтайды. Комиссияның қорытындылары, ұсыныстары мен шешімдері кәсіподақ ұйымының төрағасы бекіткен хаттамамен рәсімделеді.

2. ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

2.1. Қаржылық есептілік

Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жасалады.

Қаржылық есептіліктің құрамына төмендегілер кіреді:

Қаржылық есептіліктің формасының атауы	Есептіліктің жасалған мерзімі
Кәсіподақ бюджетінің сметасын орындау туралы қаржылық есеп (бастапқы комитет (БК))	жарты жыл, жыл
Жинақтық қаржылық есеп (обл. комитет (ОК), аумақтық кеңес)	жарты жыл, жыл
Шоттардың мағынасын ашу	жарты жыл, жыл
Түсіндірме қағаз	жарты жыл, жыл

Кәсіподақ бюджетінің сметасын орындау туралы қаржылық есеп (БК) кәсіподақ ұйымының жарты жылдағы, бір жылдағы кірістері, шығыстары мен балансын көрсетеді.

Шоттардың мағынасын ашу баланстық шоттардағы қалдықтардың фактісін көрсетеді.

Жылдық бухгалтерлік есептілікке берілген түсіндірме қағазда қаржылық есептіліктің өзінде ұсынылмаған, бірақ кірістер мен шығыстарды айқын көрсету үшін қажетті кәсіподақтың қаржылық қызметін құрайтын қосымша ақпарат көрсетіледі.

2.2. Кіріс

Кәсіподақтың кірісіне:

- мүшелікке кіру және мүшелік кәсіподақтық жарналар;
- демеушілік және қайырымдылық көмек;

– қайтармайтын негіздегі аударымдар (жұмыс берушілерден, басқа үшінші тұлғалардан аударылған);

– басқа түсілімдер жатады.

Кәсіподақ мүшелерінің ай сайынғы кәсіподақтық жарналары кәсіподақ бюджетін қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Кәсіподақтық мүшелік жарналардың Салалық кенестің пайдасына аударылған аударымдардың пайыздық нормативтерін Кәсіподақ Съезі анықтайды, мүше ұйымдардың ішіндегі аударым нормативтері мүшелік ұйымдардың жарғылық құжаттарына сәйкес анықталады.

2.3. Ақша құралдарының есебі

Ақша құралдары кассадағы, банк шоттарындағы ақша құралдарынан, банктік депозиттік шоттардағы ақша құралдарынан, арнайы шоттардағы ақша құралдарынан, жолда келе жатқан ақша құралдарынан тұрады. Ақша құралдары бастапқы бағасы бойынша баланста ескеріледі.

Кәсіподақтың банкте шоттары болады. Банкте операцияларды жүргізу мен рәсімдеу тәртібі банктердің ережелерімен реттеледі.

Кассалық операцияларды жүргізу ҚР Қаржы министрлігінің 22.06.2007 жылғы № 221 бұйрығымен бекітілген «ҚР бухгалтерлік есепті жүргізу ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшаны қабылдау бас есепші қол қойған кіріс касса ордері бойынша жүргізіледі. Қолма-қол ақша беру кезінде бас есепшінің немесе есепшінің қолы қойылған, мөр басылған түбіртек беріледі.

Кассадан қолма-қол ақшаны беру кіріс кассалық ордері немесе тиісті рәсімделген басқа құжатпен жүргізіледі. Қолма-қол ақшаны беруге арналған құжаттарға кәсіподақ ұйымының төрағасы, бас есепші (есепші) қол қоюлары қажет.

Кассалық кітапты жүргізу тәртібі мен сақтау ережелері «Бухгалтерлік есепті жүргізу ережелерінің» 4-параграфына сәйкес жүргізіледі.

Қолма-қол ақшаны есеп беру арқылы беру:

– қызметтік іссапарға қатысты шығыстарға – Кәсіподақтың Атқарушы комитеті бекіткен Кәсіподақтағы қызметтік іссапарлар туралы қағидаға сәйкес осы мақсаттар бойынша іссапарға аттанушы тұлғаларға тиесілі сома шегінде;

– операциялық, шаруашылық, уәкілеттілік шығыстарына – тиісті кәсіподақ ұйымының төрағасының өкімінің негізінде жүргізіледі.

Пайдаланылмаған есеп беру арқылы берілген сома 30 күннен кешіктірілмей кассаға өткізілуі қажет.

Қолма-қол ақшаны есеп беру арқылы беру алдында есеп беру арқылы берілген сомаларға толық есеп беру шарты бойынша жүргізіледі.

2.4. Материалдық емес активтердің есебі

Материалдық емес активтер:

1) зияткерлік меншіктің нысандары;

2) ұйымның өзі құрылғаннан бастап тіркеуді жүргізген сәтке дейінгі уақыттағы шығыстарынан тұратын кейінге қалдырылған шығыстары түрлері бойынша бөлшектенеді.

Материалдық емес активтерді бағалау негізгі қор нысандарының түскені туралы бастапқы құжаттардың (келісім-шарттардың, жүкқұжаттың, қабылдау-өткізу актілерінің) негізінде жүргізіледі. Материалдық емес активтердің бағасын анықтау мүмкін емес болған жағдайда – оларды бағалау сараптамалық жолмен жүргізіледі.

Материалдық емес активтерді құптаған жағдайда Кәсіподақ қаржылық есептіліктің Ұлттық стандартының 27-тармағына сәйкес құптау өлшемдерін пайдаланады.

Материалдық емес активтер бастапқы жағдайдағы нақты бағасымен бағаланады, турасыздықты тәсілмен олардың пайдалану мерзіміне сәйкес тозу құны есептелінеді. Материалдық емес активтердің жою бағасы нөлге тең болып қабылданады.

Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі болашақ экономикалық пайданың есебінен анықталады. Пайдалы қолдану мерзімі актив пайдалануға дайын сәттен бастап 5 жылдан аспауы керек.

Материалдық емес активтердің өтемпұлы пайдалану құны түгелдей есептелінгенде жүйелі түрде есептен шығарылады.

Бастапқы құптаудан кейін Кәсіподақ материалдық емес активтерді қайта бағаламайды. Материалдық емес активтер бастапқы бағасынан жиналған өтемпұл шығыстары мен алынған шығындардың сомасын алып тасталған бастапқы баға бойынша есептелінеді.

Материалдық емес актив тозғаннан кейін бухгалтерлік баланстың есебінен шығарылады. МЕА шығуы есептен шығару актісімен рәсімделеді. Актіге ревизиялық комиссия мүшелері қол қояды және тиісті құрылымдық бөлімшенің төрағасы бекітеді.

2.5. Негізгі құралдар

Негізгі құралдарға бірден аса есептік кезеңнің (1 жылдан аса) ішінде пайдаланылуы күтілетін материалдық активтер жатады.

Қаржылық есептілікті құру мақсаттары үшін топ бойынша төмендегі жіктеме қолданылады:

- жер;

- ғимараттар мен құрылыстар;

- машиналар мен жабдықтар;

- көлік құралдары;

- өзге де негізгі құралдар (кеңселік жабдық, жиһаз, аспап, өндірістік инвентарь мен бұйымдар).

Жер мен ғимараттар бірге сатылып алынғандығына қарамастан жеке активтер болып табылады және бөлек-бөлек есептелінеді.

Негізгі құралдардың бағасының лимиті 75 айлық есептік көрсеткіш өлшемінде белгіленеді. Осы лимиттің бағасынан төмен және қызмет ету мерзімі бір жылдан кем заттар негізгі құралдардың құрамында ескерілмейді және айналымдағы құралдарға жатады.

Негізгі құралдарды бағалау негізгі құралдар нысандарының кіріске алынғандығы туралы бастапқы құжаттардың (келісім-шарттар, жүкқұжаттар, қабылдау-өткізу актілері) негізінде жүргізіледі.

Негізгі құралдардың бағасын анықтау мүмкін емес жағдайда оларды бағалау сараптамалық жолмен жүргізіледі.

Пайдалы қолдану мерзімдерін анықтау мақсатында негізгі құралдардың нысандары өтемпұл топтарына біріктіріледі.

Негізгі құралдар бойынша өтемпұл аударымдарының өлшемдері төмендегі көрсеткіштермен анықталады:

– негізгі құралдардың бастапқы бағасы;

– пайдалы қолданудың мерзімі;

– өтемпұлды есептеу әдісі.

Активті пайдалы қолданудың мерзімі техникалық жағдайларға, пайдаланудың (жүктеудің) күтпелі тәртібіне, техникалық және коммерциялық көзқарасы бар моралдық ескіруге сай, және жұмыс өтілінің есебімен белгіленеді.

Өтемпұлды есептеу пайдалы қолданудың төмендегі мерзімдерін қолдану арқылы бағаны есептен шығарудың тікелей әдісімен жүргізіледі:

Өтемпұл тобы	Пайдалы қолданудың мерзімі (жыл)	Өтемпұлдың жылдық нормасы (%)
Ғимараттар	25	4,0
Құрылыстар	20	5,0
Машиналар мен жабдықтар	10	10
Көлік құралдары	7	14,3
Компьютерлер	4	25
Көшіру-көбейту техникасы	5	20
Жиһаз	10	10
Әкімшіліктік үй-жайлардың жабдығы	10	10
Өзге жабдықтар	10	10

Қайта пайдалануға берілген негізгі құралдар бойынша өтемпұлды есептеу пайдалану айынан кейінгі айдың 1 күнінен бастап басталады, ал шығу бойынша – шығу айынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Әрбір кезеңдегі өтемпұл аударымдары шығыс болып саналады.

Нысанның техникалық жағдайын сақтау және күту мақсаттарында жүргізілетін негізгі құралдарды жөндеу мен қолдану шығыстары бастапқы бағаны ұлғайтпайды, олар пайда болған сәттегі ағымдағы шығыстар болып табылады (яғни, олар жүргізілген есептік кезеңнің шығыстарында көрсетіледі).

Негізгі құралдардың нысаны ол есептен шығарылған кезде немесе активті қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда баланста ескерілуін тоқтатады.

Шығарылған негізгі құралдар бұрын есептелінген тозумен бірге баланстан шығарылады.

2.6. Жалдау

Жалдау – оған сай жалға беруші жалдаушыға жалдау ақысына немесе төлемдердің сериясына активті келісілген уақыт кезеңі ішінде пайдалану құқығын беретін келісім-шарт. Жалдаудың басталған уақытына жалға алушы жалға алған активті пайдалану үшін өз құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін алған күн (қабылдау-өткізу актісінің күні) саналады.

Жалдау кезінде жалға алынған мүлікке иелік құқығы өтпейді, және мүлік жалға берушінің негізгі құралдарының құрамында баланста көрсетіледі.

Жалдау кезіндегі жалдау төлемдері жалға берушінің кірістер және шығыстар туралы есебінде жалға беру кезеңі ішінде қалыпты бөлінген шығыстар ретінде көрсетілуі керек.

Жалға беруші жалға берілген негізгі құралдың нысандарын өзінің балансында жекеше, негізгі құралдарды есептеудің шотында көрсетуі керек. Олар біртүпті негізгі құралдарды өтемпұлды есептеу әдісіне сәйкес оларды пайдалы қолданудың күтпелі кезеңінің ішінде өтемпұлданады.

Жалға беруден түскен кіріс пен жалдау нысанының бағасының өтемпұлдан болған шығыстары жалға берудің кезеңінде тепе-теңдік негізінде кірістер мен шығыстардың құрамында, жалға берушінің кірістер мен шығыстар туралы есебінде көрсетілуі қажет.

2.7. Қорлар

Қаржылық есептілікті құру мақсатында қорлардың келесі топтамасы қолданылады: Материалдар.

Ол 12 айдан аз пайдалы қолданудың мерзімімен өндірістік процесте қолдануға арналған материалдық құндылықтардан тұрады.

Аталған топ келесі топшалардан тұрады:

- жанармай;
- құрал-саймандар және шаруашылық құралдары;
- қосалқы бөлшектер;
- кәсіподақ билеттері;
- шипажай-курорттық емделу мен балалар лагерьлеріне жолдамалар;
- кәсіподақтың аз қамтылған мүшелеріне қайырымдылық көмегін көрсету мен олардың өмірлері мен тұрмыс жағдайларын жақсартуға арналған тауарлар.

Қорлардың кететін түрлері төмендегідей бөлінеді:

- қорларды есептен шығару;
 - қорларды басқа жақта жүзеге асыру;
 - қорлардың:
 - 1) сақтау мерзімінің аяқталу, моралдық тозуы, тұтынушылық қасиеттерін жоғалтудың басқа жағдайларының;
 - 2) инвентаризация кезіндегі жетіспеушілікті анықтау;
 - 3) ұрлау;
 - 4) апат, өрт, табиғи апаттар кезінде мүлікті бұзу нәтижесі ретіндегі басқа да шығулар.
- Нақты шығындалған қорларға ішінде атауы, саны, әрбір атау бойынша есептік бағасы мен сомасы көрсетілетін ТМК (тауарлы-материалды құндылықтар) есептен шығаруға акті жасалады.

2.8. Қызметкерлерге сыйақы беру

Қызметкерлерге еңбекақы бойынша сыйақы төлеу – кәсіподақ ұйымымен еңбек қатынасында тұрған қызметкерлерге ұсынылатын сыйақылар мен төлемдердің барлық формалары.

Олар ақша немесе заттай түрде, материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге материалдық пайда түріндегі табыстарды қоса, қызметкерге төленетін кез-келген табыстан тұрады.

Сыйақыға жұмысшыларға төленетін кез-келген төлемдер жатады:

- жалақы;
- еңбек сіңірген жылдар;
- сыйақылар;
- жыл сайынғы ақылы демалыс;
- емдік жәрдеақы;
- материалдық көмек.

Кәсіподақ өз еркімен еңбекақы жүйесін және түрлерін белгілейді, қызметкерлерге қолданыстағы заңнама мен қаржылық тәртіпке сәйкес еңбекақы, қосымша ақы, үстемеақыны анықтайды. Еңбекақы сұрақтары Атқарушы комитеті бекіткен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ сайланған қызметкерлеріне және аппарат қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің ережелерімен реттеледі.

Еңбекақы атқаратын лауазымға сай, штаттық кестенің негізінде жүргізіледі.

Жұмыс уақытын пайдаланудың есебі жұмыс уақытын есептеу табелімен жұмысқа шығу және шықпауды тұтас тіркеу әдісімен жүзеге асырылады.

Еңбекақы мөлшерін есептеу жұмыс уақыты есептелген табельдердің, өкімдердің және басқа растаушы құжаттардың түрлері негізінде жүргізіледі.

Өңделген құжаттар жиынтық тізімдемеде топтастырылады, олардың негізінде еңбекақыны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарына жатқызу жүргізіледі.

2.9. Дебиторлық қарыз

Дебиторлық қарыз Кәсіподақтың қарапайым қызметімен байланысты және бастапқыда әділ баға бойынша құпталады және сонан соң өтемпұл баға бойынша бағаланады.

Сатып алушылардың қарызы төлеуге ұсынылған бастапқы бухгалтерлік құжаттарда (актілерде, шот-фактураларда) көрсетілген сома бойынша есептелінеді. Есептер қолма-қол және қолма-қол емес түрде жүргізіледі.

Қолданыстағы заңнамада белгіленген талап қою мерзімі өтіп кеткен, әлде соттың талапты қанағаттандырудан бас тартуының салдарынан мүмкін емес немесе борышқордың төлемге жарамсыздығының салдарынан мүмкін емес деп табылған қарыз үмітсіз борыш деп табылады.

Қарызды үмітсіз деп табу фактісі тиісті құжаттармен: түгендеу деректерімен және кәсіподақ ұйымының уәкілетті органының үмітсіз қарызды есептен шығару туралы Қаулысымен, сот шешімімен, басқа құжаттармен расталуы қажет.

Уақыты өтіп кеткен дебиторлық қарыз қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімнің өтіп кетуі бойынша есептен шығарылуға тиесілі және шығыстарға жатқызылуы тиіс.

2.10. Кредиторлық қарыз

Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу

Алынған мүлік (шикізат және материалдар), көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстарды есептеудің жағдайын (оның ішінде аванстарды да) көрсету үшін пайдаланылады.

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің алдында өзіне жауапкершілік алу үшін негізіне келісім-шарт, жүкқұжат немесе атқарылған жұмыстардың актісі және шот-фактура жатады.

ТМҚ сатып алу кезінде бастапқы құжаттарға төмендегілер жатады:

а) жалпылама белгіленген тәртіп бойынша жұмыс істейтін заңды тұлғалардан ТМҚ сатып алу кезінде: шот-фактура, жүкқұжат (тауарлық чек), БКМ чегі (қолма-қол төлеу кезінде);

б) бір реттік талон негізінде қызметін жүзеге асырушы субъектілердің нарығында ТМҚ сатып алған кезде: барлық қажетті реквизиттері бар сатып алу актісі, бір реттік талонның көшірмесі;

в) ТМҚ жеке кәсіпкерлерден сатып алған кезде: БКМ чегі немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен сериясы көрсетілген барлық тиісті реквизиттері бар сатып алу актісі.

2.11. Бюджетпен есеп айырысу

Кәсіподақ ұйымдары салықтар мен төлемдерді ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Кодексінің талаптарын сақтау арқылы есептейді және төлейді.

Бухгалтерлік есептің тіркеліміне салықтарға қатысты міндеттемелерді жазуға негіз болатын бухгалтерлік рәсімдеудің құжаттары: анықтамалар, есептеулер, декларациялар.

Салық төлемдерін есепке алуға қатысты жазбалардың соңғы түзетуі салық декларациясы деректерінің негізі бойынша салық жылы аяқталғанда жүргізіледі.

Салықтық есептің тіркелімдері арнайы қағаз тасымалдағыштар мен электрондық түрде жүргізілуі мүмкін.

Салықтар мен төлемдерге қатысты шығыстарды есептеу бухгалтерлік есептің шоттарында әрбір салық және төлем түрлері бойынша жеке-жеке өспелі қорытындысымен үздіксіз, сонымен қатар әр қарыз бойынша жеке-жеке (салықтың немесе төлемнің негізгі, өсімпұлдың, айыппұлдың сомаларының берешегі) жүргізіледі. Бюджетке төлеуге тиісті айыппұлдар, өсімпұлдар жеке шоттарда есептелінеді.

2.12. Шығыстар

Кәсіподақ ұйымдарының шығыстарына:

- 1) мәдени- көпшілік жұмыстар;
- 2) балалар және басқа сауықтыру лагерьлері;
- 3) шипажай-курорттық жолдамалар;
- 4) спорттық-көпшілік шаралары;
- 5) қайырымдылық және демеушілік көмек;
- 6) профактивке сыйақы;
- 7) жалпы және шаруашылық шығыстары, атап айтқанда:
 - барлық түрдегі есептелінген еңбекақы мен материалдық көтермелер, қайта ұйымдастырылуға және штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан босатылатындығы бойынша қызметкерлерге төленетін өтемақылар, қызметтен босағанда алатын жәрдемақы;
 - қызмет автокөлігін ұстауға қажетті шығыстар;
 - басқарудың техникалық құралдарын ұстау мен қызмет көрсету шығыстары, оның ішінде негізгі құралдардың өтемпұлы да бар;
 - банк қызметтеріне ақы төлеу;
 - басқа ұйымдарға жалпы шаруашылықты басқару, консультациялық және ақпараттық қызметтерді жүзеге асыру бойынша төлем төлеу;
 - канцеляриялық тауарлар, бланктер, техникалық, анықтамалық және нормативтік әдебиет, типографиялық, пошта-телеграфтық қызметтер;
 - баспасөз басылымдарына жазылу;
 - уәкілеттілік және іссапарлық шығыстар;
 - жалдауға қатысты шығыстар, коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметтерінің шығыстары;
 - сот шығындары;
 - шаруашылық келісім-шарттарының тәртіптерін бұзғаны үшін үкім шығарылған немесе құпталған шығыстар, өсімпұлдар, айып төлемдері және санкцияның басқа түрлері, салық комитеті тексерістерінің қорытындыларына байланысты айыппұлдар мен өсімпұлдар;
 - кінәлілер белгіленбеген немесе кінәлі тараптың есебінен қажетті соманы орнына қою мүмкін болмаған жағдайда ұрлаудан пайда болған залалдар;
 - резервтік қор – 2 %;
 - басқа ұйымдастыру шығыстары жатады.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫ САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ

Есептік саясат лауазымдық міндеттерінің шегінде барлық қызметкерлердің орындауы міндетті.

Жүзеге асырылып жатқан шаруашылық операцияларына ішкі алдын-ала бақылау жүргізу бас есепшіге жүктеледі.

Бақылау-ревизиялық комиссия бекітілген Есептік саясаттың қағидаларын бақылау органы болып табылады.

Мүшелік кәсіподақтық ұйымдардың бақылау-ревизиялық комиссиялары Жарғыға сәйкес және Кәсіподақтың салалық кеңесі бекіткен қағиданың негізінде әрекет етеді. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясының құрамы съезде сайланады.

Өзінің тапсырмаларын жүзеге асыру үшін бақылау-ревизиялық комиссия кәсіподақтық органдардың кірістер және шығыстар сметасын орындауға қатысты қаржылық қызметіне құжаттамалық тексеріс жүргізеді. Кәсіподақ органының шешімдерінің орындалуын тексереді, ақшаны сақтауға бақылауды жүзеге асырады. Ақшаны, материалдық құндылықтарды сақтау жағдайын тексереді, бухгалтерлік есептің, іс жүргізудің жағдайына бақылауды және есептілікті белгіленген уақытта Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарына ұсынуды жүзеге асырады. Бақылау-ревизиялық комиссия салық заңнамасының және кәсіподақ ұйымдарының басқа да міндетті міндеттемелерін уақытылы және нақты орындауын тексереді.

Бақылау-ревизиялық комиссия жылына бір реттен кем емес, сонымен қатар съезд, есептік немесе есептік-сайлау жиналыстарының (конференцияларының) алдында тексеріс жүргізеді. Тексеруге қатысты акт тексеріс жүргізілгеннен кейін бес күннен кеш емес уақытта жасалады. Бақылау-ревизиялық комиссия өзінің жиналыстарында жұмыс жоспарын қарастырады және бекітеді, кәсіподақ мүшелеріне ұйымдағы қаржылық жұмыстың жағдайы туралы ақпарат береді.

Бақылау-ревизиялық комиссия өз жұмысында съезге (конференцияға) есеп береді.

Кәсіподақтың Салалық Кеңесінде бақылау-ревизиялық қызмет құрылады, оның тағайындалуы бақылау-ревизиялық комиссияның қызметін әдістемелік нұсқаулықпен қамтамасыз ету және Кәсіподақтың құрылымдық ұйымдарында ведомстволық тексерісін жүзеге асыру болып табылады. Бақылау-ревизиялық комиссия өз қызметінде Кәсіподақтың Атқарушы комитеті бекіткен Ережелерді басшылыққа алады.

4. ОРТАША ЕҢБЕКАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

Оқиға (демалысақы, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақы, уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақысы және еңбекақының сақталуын қарастыратын басқа оқиғалар) туындаған кезде орташа күндік еңбекақыны есептеу үшін СЕС берілген № 47 қосымшаға сәйкес № 30 салық тіркелімі жүргізіледі.

Еңбек демалысына ақы төлеу және еңбек демалысының пайдаланылмаған күндеріне өтемақы төлеу сұрақтары бойынша төмендегі заңнамалық және нормативтік актілердің қағидалары ескерілген:

- Қазақстан Республикасы еңбек кодексі (100-110, 114 баптары);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1394 қаулысымен бекітілген Орташа еңбекақыны есептеудің Бірыңғай Ережесі;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2009 жылғы 3 маусымдағы № 135-п бұйрығымен бекітілген Бірыңғай Ережелерді қолдануға қатысты әдістемелік нұсқаулықтар;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірлеген тиісті жылға арналған құрылымдық уақытының баланстары.

5. ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫН ТӨЛЕУ

Еңбек демалысының ақысын төлеу үшін еңбек демалысының жұмыс күндері бойынша ұзақтығы анықталады. ҚР Еңбек кодексінің 101-бабының қағидаларына сәйкес қызметкерлерге ұзақтығы 24 күнтізбелік күннен кем емес ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі. Кәсіподақ ұйымдарының әртүрлі санаттағы қызметкерлері үшін демалыстарының нақты ұзақтығы «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ сайланған

қызметкерлері мен аппарат қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің ережелерімен және Кәсіподақтың Аткарушы комитеті бекіткен кейбір әлеуметтік кепілдермен белгіленеді.

Демалыс ақысының сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1394 қаулысымен бекітілген Орташа еңбекақыны есептеудің Бірыңғай Ережесіне (ары қарай – Бірыңғай ережелер) сәйкес есептелінген орташа еңбекақының есебімен анықталады.

Қызметкердің есептік кезеңдегі табысына орташа еңбек ақыны есептеу үшін қосымша ақы, үстемеақы, сыйақылар мен тұрақты сипаттағы және еңбекақы жүйесімен қарастырылған басқа да ынталандыру төлемдері есептелінеді.

Қызметкердің табысында еңбек демалысының пайдаланылмаған күндерінің өтемақылары; уақытша жарамсыздық жәрдемақысы; жұмысшыға бала туылған кезде көрсетілген материалдық көмек (төлемдер); жерлеуге немесе медициналық қызмет үшін берілген жәрдемақы; Бірыңғай ережелермен қарастырылған тізім (Бірыңғай ережелердің қосымшасы) бойынша тұрақты сипаттағы емес басқа оқиғалардың төлемақылары ескерілмейді.

Орташа еңбекақыны есептеген кезде есептік кезеңдегі еңбекақы жүйесімен қарастырылған табысындағы сыйақыларды ескеру тәртібі сақталады:

- айлық сыйақылар – есептік кезеңге келетін әр айға бір реттен артық емес;
- тоқсандық – есептік кезеңнің әрбір айына 1/3 көлемде;

— өткен жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы жылда төленген жылдық сыйақылар, әрбір айына 1/12 көлемде.

Бірыңғай ережелермен есептік кезеңде лауазымдық ақы көтерілген жағдайлардағы орташа еңбекақыны есептеген кезде ұлғайтушы коэффициенттерді қолдану қарастырылған. Бұл жерде ұлғайтушы коэффициент есептік кезеңде белгіленген жаңа лауазымдық ақыны сол кезеңде ұлғайтқанға дейінгі ақыға бөлу жолы арқылы анықталады. Жұмысшыны бір лауазымнан екінші лауазымға ауыстыру кезінде ұлғайту коэффициенті қолданылмайды.

Демалыс ақысының сомасы орташа күндік жалақыны еңбек демалысының кезеңіне келетін жұмыс күндерінің санына көбейту жолы арқылы анықталады.

Еңбек демалысының ақысын төлеу салық салу мақсатында жұмысшының табысы ретінде қарастырылады, сондықтан міндетті зейнетақы жарналарын, жеке кіріс салығын ұстау, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін нысанға қосылады.

6. ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН КҮНДЕРІНЕ ӨТЕМАҚЫЛЫҚ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУ

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 110-бабының қағидаларына сәйкес еңбек шарты тоқтатылған кезде (жұмыстан шыққан кезде) қызметкерге нақты жұмыс атқарған кезең үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

Өтемақы Орташа еңбек ақыны есептеудің Бірыңғай ережелеріне сай анықталған орташа еңбек ақы өлшемінен есептелінеді.

Өтемақы төленетін еңбек демалысының саны жұмыс істелген уақыт пен жыл сайынғы еңбек демалысының есебіне тепе-тең анықталады.

Сонымен қатар өтемақы төлемі Еңбек кодексінің 157-бабымен жұмыс беруші қызметін тоқтатқан жағдайда және қызметкерлердің саны қысқарған жағдайда еңбек шарты бұзылғанда қызметкерге жұмысынан айрылуына байланысты айына айлық орташа жалақысы мөлшерінде жүргізіледі. Бұл жағдайларда еңбек шартын бұзуға байланысты өтемақы төлемі Бірыңғай ережелерге сай анықталған орташа еңбекақы көлемінде төленеді.

Еңбек кодексінің 157-бабының 2-тармағында қарастырылған жағдайлар бар болған кезде, өтемақы төлемін үш айдың орташа еңбекақысы мөлшерінде жүргізеді.

7. УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫНЫ ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕУ

Қызметкерлерге кәсіподақ ұйымының қаржысының есебінен уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты әлеуметтік жәрдемақы Еңбек кодексінің 159-бабының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28-желтоқсандағы № 1339 қаулысымен бекітілген ережелердің негізінде тағайындалады, есептеледі және төленеді.

Жәрдемақы еңбекке қабілетсіздігінің алғашқы күнінен бастап еңбекке қабілеті қалпына келген күнге дейін уақытша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын (бекітілген формадағы еңбекке жарамсыздық қағазы немесе дубликаты) құжаттардың негізінде төленеді.

Нақты қызметкерге әлеуметтік жәрдемақы оның орташа күндік жалақысын еңбекке уақытша жарамсыздық парағына сәйкес төленуге жататын жұмыс күндерінің санына көбейту жолы арқылы аударылады.

Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша айлық әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 15 еселенген АЕК шамасынан аспайды. Уақытша еңбекке жарамсыздықтың әлеуметтік жәрдемақысы еңбекақы төлеуге белгіленген мерзімде төленеді.

8. ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ МАТЕРИАЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ТӘРТІБІ

Жанар-жағармай материалдарының шығынын есептеу Автокөлік және арнайы техникаға арналған жанар-жағармай және пайдалануға беру материалдарының шығынын нормалау жөніндегі Ережелермен қарастырылған шығыстың базалық нормасына сай жүзеге асырылады.

Жанар-жағармай және пайдалануға беру материалдарының шығынының нормалары кәсіподақ ұйымдарының уәкілетті органының жүріске, уақыттың немесе жұмыстың бірлігіне жасалған қаулысымен бекітіледі. Жүрісті есепке алу үшін жол қағазы мен автомашинаның спидометрінің көрсеткіштері қолданылады.

Жол қағазы ЖЖМ шығынын есептен шығаруға арналған деректерден тұратын алғашқы құжат болып табылады. Жол қағазы жұмыс кезеңіне қол қою арқылы жүргізушіге алдындағы жол қағазын өткізу шартымен беріледі.

Жүргізушіге нақты көлік құралына жол қағазын рәсімдеу мен беруді осы міндет жүктелген маман жүзеге асырады.

Жол қағазында берілген күні, реттік саны, көлік құралының атауы мен нөмірі, қолданылған коэффициенттердің, спидометрдің көрсеткіштерінің есебі бар 100 км жүріске шығын (жанармайдың көлемі, маркасы) жазылады.

Жол қағазы жүргізушінің жұмыс кезінде өзінде болуы керек, ол жол полициясы қызметкерлерінің талап етуі бойынша жүргізуші куәлігімен бірге беріледі.

Жол қағазының үлгісі Қазақстан Республикасы қаржы миинстрлігінің бекіткен бастапқы есептік құжаттарының тізіміне кірмейді. Осыған байланысты кәсіподақ ұйымы көлік құралының жұмысын бақылау кезінде қолданылатын жол қағазының үлгісін өз еркімен анықтауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Мемстаткомитетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы № 73 қаулысымен бекітілген жол қағазының үлгісін (АТ-3 типтік ведомствоаралық үлгі) пайдалануға ұсынылады.

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ-нің
қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебінің
ШОТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Баланс-тық шот	Субшот	Атауы
«ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР» 1-бөлімінің шоттары		
<i>1000. Ақша құралдары</i>		
1010		Кассадағы ақша құралдары
1020		Келе жатқан ақша құралдары
1030		Ағымдағы банк шоттарындағы ақша құралдары
1040		Карт-шоттардағы ақша құралдары
1050		Жинақтау шоттарындағы ақша құралдары
1060		Басқа ақша құралдары
<i>1200. Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз</i>		
1210		Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық қарызы
1240		Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық қарызы
1250		Жұмысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық қарызы
1251		Есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық қарызы
1252		Жұмысшылардың жалақысы бойынша қарыз
1253		Жұмысшыларға ұсынылған займ бойынша қысқа мерзімді дебиторлық қарыз
1260		Жалдауға қатысты қысқа мерзімді дебиторлық қарыз
1270		Алынатын қысқа мерзімді сыйақылар
1280		Басқа қысқа мерзімді дебиторлық қарыз
<i>1300. Қорлар</i>		
1310		Шикізат және материалдар
1330		Тауарлар
1350		Басқа қорлар
<i>1400. Ағымдағы салықтық активтер</i>		
1410		Корпоративтік кіріс салығы
1430		Басқа салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
<i>1600. Басқа қысқа мерзімді активтер</i>		
1610		Берілген қысқа мерзімді аванстар
1620		Болашақ кезендердің шығыстары
1630		Басқа қысқа мерзімді активтер
«ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР» 2-бөлімінің шоттары		
<i>2100. Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз</i>		

2140			Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық қарызы
2150			Жұмысшылардың ұзақ мерзімді дебиторлық қарызы
2160			Жалдауға қатысты ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз
2170			Алынатын ұзақ мерзімді сыйақылар
2180			Басқа ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз
2400. Негізгі құралдар			
2410			Негізгі құралдар
2411			Жер
2412			Ғимарат және құрылыстар
2413			Машиналар мен жабдық, беру құрылғылары
2414			Көлік құралдары
2415			Компьютерлер мен есептеу техникасы
2416			Басқа шаруашылық құралдары
2420			Негізгі құралдардың өтемпұлы
2422			Ғимарат және құрылыстардың өтемпұлдары
2423			Машиналар мен жабдықтың, беру құрылғыларының өтемпұлдары
2424			Көлік құралдарының өтемпұлдары
2425			Компьютерлер мен есептеу техникасының өтемпұлдары
2426			Басқа шаруашылық құралдарының өтемпұлдары
2700. Материалдық емес активтер			
2730			Басқа материалдық емес активтер
2740			Басқа материалдық емес активтердің өтемпұлдары
2750			Басқа материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалдар
2900. Басқа ұзақ мерзімді активтер			
2920			Болашақ кезендердің шығыстары
2940			Басқа ұзақ мерзімді активтер
«ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР» 3-бөлімінің шоттары			
3100. Салықтар бойынша міндеттемелер			
3110			Төленуге тиісті корпоративтік кіріс салығы
3120			Жеке кіріс салығы
3150			Әлеуметтік салық
3160			Жер салығы
3170			Көлік салығы
3180			Мүлік салығы
3190			Басқа салықтар
3200. Басқа міндеттемелер мен ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер			
3210			Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
3220			Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
3230			Басқа ерікті төлемдерге (жинақтар, мемлекеттік баждар, төлемдер) байланысты міндеттемелер
3240			Басқа ерікті төлемдерге бойынша өзге міндеттемелер

3300. Қысқа мерзімді кредиторлық қарыз			
3310			Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3320			Қосалқы ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3340			Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3350			Жалақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3360			Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3380			Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар
3390			Басқа қысқа мерзімді кредиторлық қарыз
3510			Алынған қысқа мерзімді аванстар
«ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР» 4-бөлімінің шоттары			
4100. Ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз			
4110			Жеткізушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз
4140			Ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз
4170			Басқа ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз
«КАПИТАЛ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТЕР» 5-бөлімінің шоттары			
5500. Бөлінбеген табыс (жабылмаған шығын)			
5510			Есептік жылдың бөлінбеген табысы (жабылмаған шығыны)
5520			Алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы (жабылмаған шығыны) (негізгі құралдар қоры)
5600			Қорытынды табыс (қорытынды шығын)
«ТАБЫСТАР» 6-бөлімінің шоттары			
6400. Басқа табыстар			
6400	6400.1		Мүшелік кәсіподақтық жарналар аударымдары
	6400.2		Басқа түсімдер
	6400.3		Қайтарылмайтын негіздегі аударым
	6400.4		Бюджетшілік түсім
«ШЫҒЫСТАР» 7-бөлімінің шоттары			
7210. Әкімшілік шығыстар			
7210	7210.1		Мәдени-көпшілік шаралары, балалармен жұмыс, кәсіпактив пен кәсіподақ кадрларын дайындау
	7210.2		Балалар және басқа сауықтыру лагерьлері
	7210.3		Шипажай және демалыс үйлері
	7210.4		Спорттық-көпшілік шаралары
	7210.5		Спортқұрылыстарының жұмысшыларына есептелген еңбекақы
	7210.6		Спортқұрылыстарының жұмысшыларына сыйақы төлеу
	7210.7		Шаруашылық және пайдалануға беру шығыстары
	7210.8		Қайырымдылық көмегін көрсету төлемдері
	7210.9		Есептелген еңбекақы
	7210.10		Бос емес кәсіподақ қызметкерлеріне қосымшаақы

	7210.11		Кәсіпаппараттың қызметкерлеріне есептелген сыйақы (тоқсандық)
	7210.12		Есептелген бірреттік сыйақы
	7210.13		Кәсіподақ қызметкерлеріне сауықтыру жәрдемақысы
	7210.14		Кәсіптік органның шаруашылық және пайдалану шығыстары
	7210.15		Қызметтік көлікті пайдалану шығыстары
	7210.16		Негізгі құралдардың өтемпұлы
	7210.17		Иссапарлар
	7210.18		Съездердің, отырыстардың, конференциялардың, басқа ұйымдастырушылық шығыстары. Съездер және конференциялар
	7210.19		Кәсіподақ активтеріне сыйақы беру
	7210.20		Мақсатты резервтік қор
	7210.21		Салықтар
	7210.22		Шығындар мен есептен шығарулар
	7210.23		Мүшелік жарналарды жоғары тұрған ұйымдарға аударымдар
	7210.26		ЗТҰ
7500. Қызметтің тоқтауына байланысты шығыстар			
7510			Тоқтатылған қызметке байланысты шығыстар
7700. Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығыстар			
7710			Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығындар

Типтік операциялардың шоттарының корреспонденциясы

р/с №	Операцияның мазмұны	Д-Т	К-Т
Касса бойынша	Есеп берумен берілген	1251	1010
	Кәсіподақ мүшелеріне берілген ссуда	1253	1010
	Жолда келе жатқан ақшалар	1010	1020
	Кассаға кіргені (есеп берумен)	1010	1252
	Кассаға кіргені (ссуданы төлеу)	1010	1253
	Берілген еңбекақы	3350	1010
	Берілген көмек, сыйақы және басқалары	7210	1010
Банк бойынша	Банк қызметтері; есептен шығарылған аударымдар	7210	1030
	ОК-ке түскен кәсіпжарналар	1030	3390
	Кәсіпкомға түскен кәсіпжарналар	1030	6110
	ОК-ке аударылған кәсіпжарналар		1030
	Аударылған салықтар (жалақы бойынша)		1030
	Аударылған зейнетақы жарналары	3220	1030
	Аударылған мед. жарналар		1030
	Жолда келе жатқан ақшалар	1020	1030
	Кәсіпкомнан аударылған кәсіпжарналарды есепке алу		6110
	Қызметкерлер үшін аударылған сақтандыру	7210	1030
	Басқа аударымдар	7210	1030
	Аударылған салықтар (көлік, мүлік, ҚОҚ)	7210	
	Өртүрлі ұйымдарға аударылған	3310	1030
	Төленген шығыстар есептен шығарылды	7210	3310
	Салық бойынша аударымдардың қайтарылуы	1030	

Жалақы бойынша	Есептелген еңбекақы	7210	3350
	Аударылған әлеум. салық пен әлеум. аударым.	7210	3150-3210
	Ұсталған зейнетақы жарналары	3350	3220
	Ұсталған ЖТС	3350	3120
	Ұсталған кәсіпжарналар	3350	3397
	Ұсталған мед. жарналар	3350	
	Кәсіпактив сыйақысынан ұсталған ЖТС	7210	3120
Аванстық есептер бойынша	Есепті тұлғалардың аванстық есебі бойынша	7210	1252
	Іске асыруға алынған жолдамалар		1250,3310
	Жолдамалар шығыстары есептен шығарылды	7210	
	Өртүрлі ұйымдардың шығыстары есептен шығарылды	7210	3310
	Кіргізілген негізгі құралдар	2410	1252
	Кіргізілген негізгі құралдар	2410	3310
	Негізгі құралдарға есептелген өтемпұл	7210	2420
	Жиналған өтемпұлды есептен шығару (кеткен кезде)	7210	2420
	Есептен шығарылған негізгі құралдар (кеткен кезде)	2410	2420

ЖТС **3120**
Зейнетақы жарнасы **3220**
Мүлік салығы **3180**
Көлік салығы **3170**

Әлеуметтік салық **3150**
Әлеуметтік аударымдар **3230**
Басқа салықтар **3190**

Учетная политика ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки»

Содержание:

1. Организационно-технический раздел

- 1.1. Организационно-правовой статус
- 1.2. Организация бухгалтерской службы
- 1.3. Бухгалтерская документация
- 1.4. Инвентаризация

2. Методический раздел

- 2.1. Финансовая отчетность
- 2.2. Доход
- 2.3. Учет денежных средств
- 2.4. Нематериальные активы
- 2.5. Основные средства
- 2.6. Аренда
- 2.7. Запасы
- 2.8. Вознаграждение работникам
- 2.9. Дебиторская задолженность
- 2.10. Кредиторская задолженность
- 2.11. Расчеты с бюджетом
- 2.12. Расходы

3. Контроль соблюдения учетной политики

4-8 Отдельные виды расчетов и учетов

Приложения:

- Рабочий план счетов;
- Корреспонденция счетов типовых операций.

Общие положения

Настоящая учетная политика разработана в соответствии с:

- Законом РК «О профессиональных союзах»;
- Законом РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28.02.2007г № 234-III;
- Национальным стандартом финансовой отчетности № 2, утвержденным приказом Министра финансов РК от 21.06.2007г. № 217;
5. Осы салықтық есептік саясаты ҚР Салық кодексінің 56 бабының 4, 5 тармақшалары мен 60 бабына, 2009 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы № 100–IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы негізінде құрастырылған, оларға тиесілі:

а) осы салықтық есептік саясат Кәсіподақ үшін ҚР Салық кодексіне сәйкес олардың салық есебінің тәртібі белгіленген жергілікті құжат болып есептеледі;

б) Кәсіподақ әрекет етеді және жақын болашақта да әрекет етеді;

в) әр қаржылық жыл 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады;

г) қаржылық жыл ішінде әр салық пен бюджет төлемдерінің түрлері үшін салық кезеңдері болып ҚР Салық кодексінде белгіленген кезеңдер табылады.

I. ҰЙЫМДАСТЫРУ–ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМІ

1. Басқару, ұйымдастыру құрылымы

Кәсіподақ төрағасы, мүшелік кәсіподақ ұйымдардың төрағалары, өкілдік пен бөлімше жетекшілері сынды лауазымды тұлғалар басқару қызметін жүзеге асыруға уәкілетті.

Салықтық есептік саясатты құру, салық есебін жүргізу, өз уақытында толық әрі дәл салық есебін тапсыру жауапкершілігі бас есепшіге жүктеледі. Қаржы есептерінің көрсеткіштерін және оның құрамдас бөліктерін жасау, сондай-ақ оларға байланысты ақпараттарды ашу мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдауға кәсіподақ ұйымының басшылығы бас есепшіге өкілеттік құқық береді.

2. Салықтық есеп жүйесі мен ішкі бақылау

Кәсіподақта салықтық есеп төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар, нормативтік және жергілікті кәсіподақ актілеріне сәйкес бухгалтерлік есеп деректеріне негізделіп жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексімен;

- 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңымен;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 21.06.2007 жылғы № 217 бұйрығымен бекітілген «№ 2 Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарымен»;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 шілдедегі № 185 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарымен;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 маусымдағы № 221 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп ережесімен;
- Кәсіподақтың есептік саясатымен;
- Кәсіподақ шоттарының жұмыс жоспарымен;
- Кәсіподақтың салықтық есептік саясатымен;
- бухгалтерлік есепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстармен, нұсқаулар және басқа да нормативтік актілермен.

Салықтық есептің мақсаты ҚР Салық Кодексінің талаптарына сәйкес салық салу нысаны және салық салу нысанына қатысты объектілер, сондай-ақ Кәсіподақ ұйымдарының салықтық есептерін жасау, салық төлемдері мен басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы ақпараттарды жинақтау және жүйелеу үшін кәсіподақтың есептік құжаттарын жүргізу болып табылады.

Кәсіподақта салық есептілігі аталғандарды қамтамасыз ету үшін төмендегідей жүргізіледі:

- Кәсіподақтың салық кезеңінде салық салу мақсатында жүргізген операциялар тәртібінің есебі туралы толық және тиянақты ақпараттарды құру;
- салық есептерін тиянақты құру;
- салықтық бақылау үшін салық қызметі органдарына ақпарат беру.

Алдыңғы кезеңдерде салық есептерін жасауда жіберілген қателіктер орын алған жағдайда түзету сомалары қосымша салық есептілік үлгілерінде көрсетіледі.

Кәсіподақтың салықтық есептік саясатына өзгертулер төмендегідей жағдайларда енгізіледі:

- салық Кодексіндегі өзгерістер салықтық есептің өзгерістеріне әсерін тигізгенде;
- бұл өзгерістер Кәсіподақтың салықтық есептеріндегі оқиғалар мен операцияларды анағұрлым анық ұсынылуына алып келсе.

3. Есеп құжаттамасы

Есептік құжаттамалар төмендегіні қамтиды:

- бухгалтерлік құжаттама;
 - салық үлгілері;
 - салықтық есептік саясаты;
 - есеп тіркелімі мен басқа да құжаттар салық салу нысандары мен салық салуға тиісті нысандары айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемесін есептеу үшін негіз болып табылады.
- Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 59 бабының 2 тармағына сәйкес Кәсіподақтың мүше ұйымдардың, бөлімшелердің есептік құжаттамалары қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жүргізіледі.

Барлық бухгалтерлік жазбалар шаруашылық операциялардың аяқталу фактісін растайтын бастапқы құжаттар негізінде жүргізіледі. Кәсіподақта бастапқы құжаттар операцияның аяқталу сәтінде құрылады, ал егер бұл мүмкін болмаса, операция аяқталған кезде дереу жасау керек. Кәсіподақтың бухгалтерлік есебінде 21.06.2007 ж. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің № 216 бұйрығымен бекітілген алғашқы үлгідегі есептік құжаттардың нысандары және үлгілік емес нысандары (Кәсіподақтың өзі құрастырған) қолданылады, олар есептік саясатының міндетті қосымшалары болып табылады.

Кез келген бастапқы құжатта келесі деректемелер болады:

- құжаттың құрылған күні;
- құжатты дайындаған адамның қолы және толық аты-жөні;
- құжаттың нақты жазбаша ақпараты (ТМҚ атауы, қызмет, өлшеу бірлігі, саны, бағасы, сомасы, және т.б.);
- бастапқы есептік құжаттарының бланкісінде көрсетілген барлық мәліметтерді толтыру;
- барлық қол қойған адамдардың аты-жөндері толық көрсету.

Бухгалтерлік жазбалар қолмен, сондай-ақ 1С Бухгалтерия 7.7 және 1С Бухгалтерия 8 нұсқаларының компьютерлік есепке алу жүйесінің көмегімен жүргізіледі. Бастапқы құжаттар мен бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің мазмұны ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының 12 бабына сәйкес коммерциялық құпия болып табылады, сондықтан Кәсіподақ

басшысының рұқсат берген тұлғаларға ғана, сонымен қатар **Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдардың қызметтік лауазым иелеріне** ұсынылады.

Кәсіподақ басшысы (мүше ұйымдардың) бухгалтерлік құжаттарға қол қоюға құқылы адамды айқындайды: бас есепші, бөлімшелердің есепшілері.

Салық үлгілері өздеріне салық есептілігін, салықтық өтінішті және салық тіркелімдерін қамтиды.

Салық үлгілері қағаз және электрондық құралдарда қазақ және (немесе) орыс тілінде жүргізіледі. Салық үлгілеріне төраға, бас есепші және нысанды құрастырған тұлға қол қояды, мөрмен куәландырады. Салық үлгілері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 46 бабында белгіленген талап мерзімі ішінде сақталады.

Салық есептілігі – Қазақстан Республикасы Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық қызметі органдарына ұсынылатын құжат, осы нысанда кәсіподақ ұйымы, салық салу объектілері туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтері бар құжат болып табылады.

Салық есептілігі салық декларацияларынан, есептерден, олардың қосымшаларынан тұрады, оларды салық түрлері, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдары бойынша тиісті Кәсіподақ ұйымдары жүргізеді және тапсырады. Салық есептілігінің үлгілері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 65-67 баптарының ережелеріне сәйкес құзырлы ұйымдармен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 63 бабының 3 тармағына сәйкес салық есептілігін тапсыру төмендегідей бөлінеді:

- алғашқы салық есептілігі;
- кезекті салық есептілігі;
- қосымша салық есептілігі;
- хабарлама бойынша қосымша салық есептілігі;
- таратылатын.

Салық есептілігі Қазақстан Республикасы Салық кодексінде белгіленген тәртіп пен мерзімде салық органына тапсырылады. Салық есептілігі төмендегідей тапсырылады:

- апарып қолма-қол тапсыру тәртібімен;
- пошта арқылы хабарламамен тапсырыс хатпен;
- электронды жүйемен.

Салық салу нысандары болмаған жағдайда салық есептілігі тапсырылмайды.

Салық есептілігін қайтарып алу Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 69 бабына сәйкес салық органына салықтық өтініш берумен төмендегі себептер бойынша жүргізіледі:

- қате тапсырылған салық есептілігі;
- таратылатын салық есептілігін қате тапсыру;
- ҚР СК 37, 38, 40-43 баптарына сәйкес қызметті қайта бастауға дейін салықтық тексеруді жүргізгенге дейін.

Қате ұсынылған салық есептілікке валюта коды, резидентура мәртебесі көрсетілмеген және (немесе) дұрыс көрсетілмеген есептілік жатады. Барлық басқа жағдайларда мәселелер арнайы жолмен шешіледі.

Салық есебіне өзгертулер енгізу ҚР Салық кодексінің 70 бабына сәйкес тиісті өзгертулерді енгізуге қажетті салық кезеңіне қосымша салық есептілігін жасау жолымен атқарылады. Қосымша салық есептілігінде алдында ұсынылған салық есептілігі мен нақты салық міндеттемелері немесе есептеулердің араларындағы айырмашылықтар көрсетіледі.

Салықтық өтініш ҚР Салық кодексінің 75-76 баптарына сәйкес ол салық төлеушінің құқықтары мен міндеттерін іске асыру мақсатында салық қызметі органына ұсынатын құжат болып табылады. Салық өтінішінің үлгісін күзиретті органдар бекітеді. Салықтық өтініш салықтық есеп үлгісінде де ұсынылуы мүмкін.

Салық тіркелімдері ҚР Салық кодексінің 77 бабына сәйкес салық салуға байланысты салық салу нысандары туралы қажетті ақпаратты қамтитын құжат болып табылады. Салық тіркелімдері Кәсіподақ ұйымының төрағасы бекіткен үлгілер мен оларды толтырудың ережелерін, құзыретті орган белгілеген үлгілер мен оларды толтыру ережесін қамтиды.

Салықтық есептік саясаты – бұл өз бетінше қосымша әзірленген салық тіркелімдері, толықтырулар мен өзгертулері бар, Кәсіподақ Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген нақты құжат.

II. САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Жалпы ережелері

Осы салықтық есептілік саясаты Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Кәсіподақ ұйымдарында міндеттілік, айқындылық, әділдік пен біркелкілік ұстанымында қолданыстағы салық жүйесінде салық есептілігін регламентациялау мақсатында құрастырылған.

Міндеттілік ұстанымы қатаң түрде қолданыстағы Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес Кәсіподақ ұйымы салықтар мен бюджетке міндетті төлемдерді есептеу, ұстап қалу және толық көлемде және белгіленген мерзімде төлеуді қарастырады.

Айқындылық ұстанымы кәсіподақ ұйымдары салық есебінде және өздерінің салық тіркелімдерінде салық міндеттемелерінің негіздері мен пайда болуларын, орындалуы мен тоқтатуларын анық көрсетіп, жүргізулерін көздейді. Салық тіркелімдерінде уәкілетті органдар бекіткен салық есептіліктер нысандарының әр жолында сандық көрсеткіштер жіктеліп көрсетіледі.

Әділдік ұстанымы Кәсіподақ ұйымдары Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көрсетілген салық жеңілдіктерін пайдаланатындығын көздейді.

Салық жүйесіндегі біркелкілік ұстанымы Кәсіподақ және оған мүше ұйымдар Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің талаптарына толық сәйкес салық есептілігін жүргізуді көздейді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес Кәсіподақ, оған мүше ұйымдары, бөлімшелері келесі салықтар мен міндетті төлемдер төлеушілері болып табылады:

- жеке табыс салығы;
- әлеуметтік салық;
- көлік салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы;
- қоршаған ортаға эмиссия төлемі.

2. Жеке табыс салығы

Жеке табыс салығын (бұдан ары қарай – ЖТС) салу Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 6-бөлімімен (163-200 баптары) реттеледі.

ЖТС төлеушілері болып Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 155 бабында көрсетілген салық салу нысандары бар жеке тұлғалар табылады.

ЖТС салу нысандары болып жеке тұлғалардың табыстарын қамтамасыз ететін ұйымның төмендегі төлем көздері жатады:

1) кәсіподақ қызметкерлерінің табыстары, оған жататындары: ақшалай немесе натуралды түрде есептелген еңбекақы; кезектен тыс, түнгі уақытта, мейрам және демалыс күндердегі жұмыс үшін үстемақы; еңбекке жарамсыздығы қағазы бойынша төлемдер; әртүрлі сыйақылар мен көтермелеу төлемдері; ақшалай немесе натуралды түрде берілген материалдық көмек; әртүрлі бір рет берілетін төлемдер; өтемдік төлемдер; еңбекақы демалысы үшін үстемақылар;

2) кәсіподақ ұйымы сатқан ТМҚ немесе көрсетілген қызметтерден алынған жеке тұлғалардың табыстары, егер өнім жеткізушінің жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға заңды құқықтық мемлекеттік тіркеуі болмаған жағдайда (бір реттік талон, ЖК куәлігі);

3) 1) және 2) тармақтарда көрсетілмеген басқа табыстар;

2.4 және 2.5 тармақтарға сәйкес түзетілген 2.3 тармақта көрсетілген табыстар 10% мөлшерлеме бойынша салық салынады (ҚР Салық кодексінің 158 бабы).

2) және 3) тармақтарда көрсетілген жеке тұлғалардың табыстарынан ЖТС салынбайтын табыстардың келесі түрлері шығарылады:

- Республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген 12-еселік (жыл бойы) ең төменгі жалақы. Бұл шегерімдер бас есепшінің атына берілген **қызметкердің жеке**

өтініші негізінде жүргізіледі. Өтініш болмаған жағдайда – шегерімдер есептелінбейді. Шегерімдер тиісті жылға арналған «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде ай сайын жүргізіледі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары;

- осы оқиғаларды растайтын құжаттары бар (келісім-шарт) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналары;

- көрсетілген медициналық қызметтерге (косметикалықтан басқа) төлемдер, бала туу туралы төлемдер, жерлеуге төленетін төлемдер. Бұл шегерімдер ағымдағы қаржы жылына заңмен белгіленген 8-еселік ең төменгі жалақы мөлшерімен шектеледі (әр жеке тұлғаға қатысты төлемнің әрбір түрі үшін);

- жарғылық қызметке сәйкес кәсіпке байланысты қызметкерлерді оқыту, біліктіліктерін көтеру және қайтадан дайындықтан өткізу шығыстары;

- Кәсіподақпен жасалған еңбек келісім-шартына сәйкес жеке тұлғаларды оқыту шығыстары, олармен жасалған келісім-шартта міндетті түрде кеткен шығындарды жұмыспен өтеу немесе ақшалай өтелім жүргізу көрсетілген жағдайда;

- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленген әлеуметтік төлемдер: жұмысшының немесе жұмысберушінің жұмысшының пайдасына міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру келісім-шарты бойынша төленген әлеуметтік сыйақылар;

- басқа да төлемақылар.

Жеке тұлғаның табыстары болып есептелінбейді және осыған байланысты ЖТС салынбайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу;

- егер қызметкердің жұмысы жүріп-тұруға, қызмет көрсету телімдері аясында қызметтік сапарларға байланысты болса тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңына сәйкес - осында жұмыстың әр күніне - 0,35 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде өтемақы;

- қызметтік іс-сапар кезіндегі өтеу (ҚР Салық кодексінің 101 бабының 1), 2), 4) тармақшаларына сәйкес) - іс-сапар орнына дейін және кері қайтуға арналған жол жүру шығыстары (жол жүру құжаттарына сәйкес), іс-сапар мекеніндегі жатар орнының шығыстары (жатар орнына көрсетілген қызмет үшін төлем құжаттары бойынша), визаны алу және консулдық қызмет шығыстары (құжаттарға сәйкес);

- республикалық бюджет туралы заңына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген Қазақстан Республикасы аумағындағы іс-сапарға төленетін тәуліктік өтемақы 6 АЕК-тен көп емес мөлшерде;

- республикалық бюджет туралы заңына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген Қазақстан Республикасы аумағынан тыс іс-сапарға төленетін тәуліктік өтемақы 8 АЕК-тен көп емес мөлшерде;

- берілген арнайы киім, арнайы аяқ киім мен арнайы тамақтану және басқа да жеке қорғану құралдары мен алғашқы медициналық көмектің құны;

- сот шешімі бойынша белгіленген материалдық шығын сомасын өтеу;

- ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде мерзімінде ұстап қалмау (есептемеу) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарына есептелген өсімақы төлемдері;

- осы салықтық есептілік саясатында көрсетілмеген, бірақ ҚР Салық кодексінің 155 бабының 3 тармағында көрсетілген басқа да төлемдер.

Төлем көздерінен алынатын табыстардың ЖТС есептеудің салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Кәсіподақ, мүше ұйымдар, бөлімшелер бюджетке төленетін ЖТС бойынша салық агенттері болып табылады. Бюджет алдындағы ЖТС бойынша міндеттеме салық кезеңінде жеке тұлғаға төленген табыс сомасына ғана тиесілі, себебі ҚР Салық кодексінің 161 бабының 2 тармағына сәйкес ЖТС ұстау төлем көздерінен алынатын табысты төлеген күннен кешікпей жасалады.

Төленген табыстар бойынша ұсталынған ЖТС-ті бюджетке аударылуы ҚР Салық кодексінің 161 бабының 3 тармағына сәйкес төлем айынан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей тұрғылықты мекен-жай бойынша жүзеге асырылуы керек.

ҚР Салық кодексінің 161 бабының 3 тармағына сәйкес Кәсіподақ, оған мүше ұйымдар өздерінің бөлімшелері үшін салық агенттері болып табылады. Алайда, күзиретті органдардың

шешімі негізінде бөлімшелер әлеуметтік салық төлемдері бойынша салық агенттері болып табылады (ҚР Салық кодексінің 355 бабының 2 тармағы), оларды жеке табыс салығы бойынша да салық агенттері ретінде санауға болады.

Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 жұлдызынан кешіктірілмей, Кәсіподақтар, мүше ұйымдар, бөлімшелер тұрғылықты мекен-жайлары бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық Декларациясын 200.00 үлгісімен тапсырады.

Бөлімше бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салығы бойынша Декларациясы сол мерзімде ұсынылады.

200.00 үлгісін ұсынуға қажетті бухгалтерлік есептердің деректері «Кәсіподақтың (мүше ұйымдардың) ЖТС бойынша жылдық жедел деректері» салық тіркеліміне енгізіледі, ол ай сайын және тоқсандық пен жыл басынан үдетпелі қорытындымен толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім үлгісі осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 2 қосымшасын қараңыз). «Жеке табыс салығы бойынша жедел деректер» салық тіркелімі Кәсіподақтың әрбір ұйымдарында жүргізіледі. Орындаушының таңдауы бойынша «ЖТС бойынша жедел деректер» салық тіркелімі электронды түрде немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Кәсіпорында еңбекақыны есептеуге жауапты тұлға атқарушы болып табылады.

4-ші тоқсанның Декларациясына қосымша «200.00 үлгіге аты-жөнін тізіп түсіндіру» 2-б қосымшасы қоса беріледі, онда есептелген және төленген табыстарды, ұсталынған ЖТС пен ЖЗҚ-на міндетті жарналар, басқа да салық есептілігін айқындайтын деректер жазылады.

Жыл соңында «ЖТС бойынша жедел деректер», «200.00 үлгіге аты-жөнін тізіп түсіндіру» салық тіркелімдері қағаз тасымалдаушыға шығарылып, Кәсіподақ ұйымының (бөлімшенің) төрағасы мен бас есепшісі қол қояды.

3. Әлеуметтік салық

Әлеуметтік салығын салу Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 12 бөлімінің 355-364 баптарымен реттеледі.

ҚР Салық кодексінің 355 бабына сәйкес бөлімшелер тәуелсіз әлеуметтік салық төлеуші болып табылады.

Егер қызметкерге есептелген күнтізбелік ай ішіндегі табыстың жалпы сомасы ағымдағы қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі жалақыдан кем болса, әлеуметтік салық салу нысаны ең төменгі жалақы негізінде анықталады.

Әлеуметтік салық 11 пайыздық төлем бойынша есептелінеді.

Әлеуметтік салықты есептеу үшін салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Кәсіподақта (мүше ұйымдарда, бөлімшелерде) салық мерзімінде ҚР «Міндетті әлеуметтік сақтандыру» Заңына сәйкес жеке тұлғалардың есептелген табыстарынан әлеуметтік аударымдары шегерілген әлеуметтік салықты бюджетке төлеу міндеті пайда болады.

Әлеуметтік аударымдар қызметкердің табыстарынан жүргізіледі, бұл ҚР «Міндетті әлеуметтік сақтандыру» Заңының 8 бабына сәйкес міндетті әлеуметтік аударымдарға жататын әлеуметтік салық салу болып табылады. 2015 жылға арналған әлеуметтік аударымдар төлемі 5% құрайды. Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін ай сайынғы табыс ағымдағы қаржы жылына бекітілген ең төменгі еңбекақының 10-реттік мөлшерінен аспауы тиіс.

Әлеуметтік аударым сомасы азайтылып есептелген әлеуметтік салықты бюджетке аудару төлем жасалған айдан кейінгі айдың 25-ші жұлдызынан кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

Бөлімшелер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады. Бөлімшелердің бюджетке тиісті әлеуметтік салық төлемдері тұрғылықты мекен-жайлары бойынша жүргізіледі.

Салық төлемдерінің дұрыс және мерзімінде есеп айырысуды бақылау үшін бөлімшелер есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-жұлдызына дейін «Әлеуметтік салық бойынша жылдық жедел деректер (бөлімше атауы)» салық тіркелімінің көшірмесін (№ 3 қосымша) ұсыну қажет.

Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-жұлдызынан кешіктірілмей, ұйымдар мен олардың бөлімшелері тұрғылықты мекен-жайы бойынша 200.00 үлгісіндегі жеке табыс салығы және әлеуметтік салығының Декларациясын тапсырады. 200.00 үлгісін ұсынуға қажетті бухгалтерлік есептердің деректері салық тіркеліміне енгізіледі, ол ай сайын және тоқсандық пен жыл басынан үдетпелі қорытындымен толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша

түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 3 қосымшасын қараңыз).

«Әлеуметтік салық бойынша жедел деректер» салық тіркеліміне қажетті құжаттар мен мәліметтерді Кәсіподақ пен оған мүше ұйымдарға мерзімінде ұсыну жауапкершілігі бөлімшелердің бірінші басшыларына жүктеледі.

«Әлеуметтік салық бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Еңбекақыны есептейтін жауапты тұлға орындаушы болып табылады.

Жыл соңында «Әлеуметтік салық бойынша жедел деректер» салық тіркелімі қағаз түрінде басып шығарылады, орындаушының, бас есепші мен басшының қолдары қойылады.

4. Көлік құралдарына салық

Көлік құралдарына салық салу Қазақстан Республикасы Салық кодексімен реттеледі.

Құрылымдық бөлімшелер көлік құралына салық төлеушілер болып табылады (мысал):

№	Көлік құралы	Мемлекеттік нөмірі	Шығарылған жылы	Қозғалтқыш көлемі	Тіркелген орны	Ескерту
1	Mersedes – benz ML 350 автокөлігі	Z542CR	2007 ж.	000500	Астана қ.	

Көлік құралдарының салығы ҚР Салық кодексінің 367 бабына сәйкес салық ставкалары бойынша есептеледі.

Көлік құралының салық сомасы әр нысанға жеке есептеледі.

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығы болып табылады.

Ағымдағы жылдың 5 шілдесінен кешіктірілмей көлік құралының тіркелген мекен-жайы бойынша салық органына көлік құралдары салығының ағымдағы төлемінің 701.00 үлгісіндегі есеп Декларация ұсынылады.

Есепті жылдан кейінгі 31 наурыздан кешіктірілмей 700.00 үлгісіне сәйкес көлік құралдарының салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша (салық салу нысандары болған жағдайда) Декларациясы ұсынылады.

Жекеменшікке, жедел басқаруға және шаруашылық жүргізуге сатып алынған (берілген) көлік құралдарына салық салу нысандары бойынша салық органдарына мерзімінде есептерге түзетулер енгізілген қосымша 701.00 үлгісі тапсырылады. Салық салу нысаны тіркелгеннен бастап (тіркеу есебінен шығару) 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей көлік құралының тіркеу орны бойынша салық органына қосымша үлгі ұсынылады. ҚР Салық кодексінің 369 бабының 2 тармағына сәйкес ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кейін сатып алынған көлік құралдарының салығын төлеу салық кезеңінің декларациясын ұсыну мерзімі басталғаннан кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізіледі, яғни келесі есептік жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмеуі тиіс.

Бухгалтерлік есептің мәліметі бойынша ай сайын 700.00 үлгіні ұсыну үшін салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса). Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 4 қосымшасын қараңыз). «Көлік салығының жылдық жедел деректері» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Жыл соңында «Көлік салығының жылдық жедел деректері» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа шығарылып, орындаушы, бас есепші мен кәсіподақ ұйымының төрағасы қол қояды. «Көлік салығының жылдық жедел деректері» салық тіркелімі әр бөлімшелерде жүргізіледі.

5. Мүлік салығы

Мүлік салығын салу Қазақстан Республикасының Салық кодексімен реттеледі.

Салық салу нысандары:

№	Ғимарат	01.01.09. жағдайына баланстық құны	Нысанның мекен-жайы	Ескерту

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығы болып табылады.

Салық салу нысанының орналасқан жері бойынша ағымдағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей салық органына 701.01. үлгісі бойынша мүлік салығының ағымдағы төлем Есебі ұсынылады. Келесі есептік жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей 700.00 үлгі бойынша көлік құралына, жерге және мүлікке салынатын салық Декларациясы ұсынылады.

Мүлік салығы салу нысанының баланстық құнының 0,1 пайыздық жүктеме бойынша есептелінеді. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 397 бабының 2 тармағына сәйкес орташа жылдық баланстық құны салық салу нысанының ағымдағы жылдың әр айдың бірінші күні және келесі есептік жылдың бірінші айы бірінші күніне дейінгі баланстық құнының қосу арқылы алынған сомасының он үштен бір сомасы ретінде анықталады. Баланстық құн № 2 ҚЕҰС талаптарына сай белгіленге ұйымның Есеп саясатының ережелеріне сәйкес анықталады. Есеп саясатының талаптарына сәйкес коммерциялық қызметке қолданылмайтын негізгі құралдарға өтелім есептелінбейді, сол себептен жыл бойы баланстық құны өзгермейді. Баланстық құнының өзгеруі есепті кезеңнің соңында қайта бағалаудың нәтижесінде пайда болады, мүлікті қайта бағалау тек арнайы лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы арқылы ғана жүргізіледі.

Жоғарыда аталғанның негізінде, ағымдағы жылдың 15 ақпанында ұсынылатын мүлік салығы төлемдерінің Есебіне, есептік жылдың 1 қаңтар жағдайына мүліктің жалпы құнының 0,1 пайызға тең сомасы енгізіледі. Салық кезеңі барысында мүлік салығы бойынша салық міндеттемелеріне өзгерістер пайда болған жағдайда салық салу нысандарының 1 ақпан, 1 мамыр, 1 тамыз және 1 қарашадағы жағдайына сәйкес тиісінше ағымдағы жылдың 15 мамыр, 15 тамыз, 15 қарашасында ағымдағы төлемдердің қосымша есебі ұсынылады.

Ағымдағы салық төлемдерінің сомалары салық салу нысанының тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке ұсынылған ағымдағы төлемдер Есебі мен оған жүргізілген түзетулер деректеріне сәйкес тең үлестермен 25 ақпан, 25 мамыр, 25 тамыз бен 25 қарашадан кешіктірмей төленеді.

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша ай сайын 700.00 үлгіні ұсыну үшін «Мүлік салығы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса), ол ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына сәйкес толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 5 қосымшасын қараңыз). «Мүлік салығының жылдық жедел деректері» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Негізгі құралдардың есебін жүргізуші тұлға орындаушы болып табылады. Бөлімшелер туралы Ережеге сәйкес, құрылымдық бөлімшелер жылжымайтын мүліктің иесі немесе үйлестірушісі бола алмайды, сол себептен бөлімшелерде мүлік салығы бойынша салық тіркелімі жүргізілмейді.

Жылдың соңында «Мүлік салығы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

6. Жер салығы

Жер салығын салу Қазақстан Республикасы Салық кодексімен реттеледі.

Төмендегі салық салу нысандары бойынша ұйым жер салығының төлеушісі болып табылады:

№	Мүлік	Жер учаскесінің көлемі	Орналасқан жері	Ескерту

Жер салығы ҚР Салық кодексінің 387 бабына сәйкес салық ставкалары бойынша есептеледі.

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін болып табылады.

Салық салу нысанының орналасқан жері бойынша ағымдағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей салық органына 701.01. үлгісі бойынша жер салығының ағымдағы төлем Есебі ұсынылады. Келесі есептік жылдың 31 наурызынан кешіктірмей 700.00 үлгі бойынша көлік құралына жерге және мүлікке салынатын салықтың Декларациясы ұсынылады. Салық кезеңі барысында жер салығы бойынша салық міндеттемелеріне өзгерістер пайда болған жағдайда салық салу нысандарының 1 ақпан, 1 мамыр, 1 тамыз және 1 қарашадағы жағдайына сәйкес тиісінше ағымдағы жылдың 15 ақпан, 15 мамыр, 15 тамыз, 15 қарашасында ағымдағы төлемдердің қосымша есебі ұсынылады. Ағымдағы салық төлемдерінің сомалары салық салу нысанының тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке ұсынылған ағымдағы төлемдер Есебі мен оған жүргізілген түзетулер деректеріне сәйкес тең үлестермен 25 ақпан, 25 мамыр, 25 тамыз бен 25 қарашадан кешіктірмей төленеді.

Бухгалтерлік есептің мәліметі бойынша ай сайын 700.00 үлгіні ұсыну үшін «Жер салығы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса), ол ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына сәйкес толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 6 қосымшасын қараңыз). «Жер салығының жылдық жедел деректері» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Негізгі құралдардың есебін жүргізуші тұлға орындаушы болып табылады. Жылдың соңында «Жер салығы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

Бөлімшелер туралы Ережеге сәйкес, құрылымдық бөлімшелер негізгі құралдардың иесі немесе үйлестірушісі бола алмайды, сол себептен бөлімшелерде жер салығы бойынша салық тіркелімі Кәсіподақта, мүше ұйымдарда жүргізіледі.

7. Корпоративтік табыс салығы

Корпоративтік табыс салығы (бұдан ары – КТС) Қазақстан Республикасының Салық кодексімен реттеледі.

Ұйым мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қайырымдылық пен демеушілік көмек, өтеусіз алынған мүлік, аударымдар мен жәрдемақылар түрінде алынған табыстарына – корпоративтік табыс салығы салынбайды, өйткені салық төлеуші келесі шарттарға сай келеді:

- 1) қоғамдық мүддеге қызмет атқарады және одан табыс табу мақсатын көздемейді;
- 2) қатысушылар арасында таза табысты немесе мүлікті бөлмейді.

Кәсіподақ, мүше ұйымдар мен оның бөлімшелері корпоративтік табыс салығын есептемейді, Есебін ұсынбайды және аванстық төлемдерді төлемейді, өйткені КТС салынатын табыстар (басқа табыстарды) алмайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша Декларация есепті жылдан кейінгі 31 наурызынан кешіктірмей ұсынылады. КТС Декларациясымен қатар салық органына орналасқан жері бойынша № 2 ҚЕҰС талаптарына сәйкес жасалған жылдық Қаржылық есеп ұсынылады. Бухгалтерлік есептің деректері 130.00 үлгіні ұсыну үшін «Кәсіподақтың (мүше ұйымдардың, бөлімшелердің) КТС бойынша жылдық жедел деректері» салық тіркеліміне ай сайынғы және жыл басынан үдетпелі қорытындыларымен енгізіледі. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептілік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 1 қосымшасын қараңыз). «КТС бойынша жылдық жедел деректері» әр бөлімшеде жүргізіледі. Кәсіподақ бөлімшелердің ұсынған деректері негізінде қосымша «КТС бойынша жиынтық жылдық жедел деректер» (№ 1-а қосымшаны қараңыз) жиынтық салық тіркелімін жүргізеді. Бөлімшелер салық тіркелімін жылдық қаржы есебінің үлгілерімен бірге заңды тұлғаның уәкілетті органына есепті жылдан кейінгі 1 наурызынан кешіктірмей ұсынуға міндетті. Қажетті құжаттар мен ақпаратты мерзімінде ұсыну жауапкершілігі бөлімшелердің бірінші басшыларына жүктеледі.

«КТС бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағышта жүргізіледі. Бас есепші орындаушы болып табылады.

Жылдың соңында «КТС бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз түрінде басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

8. Қоршаған ортаға эмиссия төлемі

Қоршаған ортаға эмиссия төлемі ҚР Салық кодексімен реттеледі.

Қоршаған ортаға эмиссия төлемі келесі шығындар мен ластаудың көздері болып табылады:

№	Ластанған нысанның аталуы	2014 жылға эмиссияның белгіленген көрсеткіші	Ластанған нысанның орналасқан жері	Ескерту
	Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға шығатын А3 ластары	1,6058	Астана қ.	

Жылжымалы көздердің ластануынан түскен қоршаған ортаға эмиссиясының ағымдағы төлем сомалары олардың мемлекеттік тіркеу орны бойынша уәкілетті органы бюджетке ағымдағы жылдың есептік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-жұлдызынан кешіктірмей төлейді. Салық кезеңі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсан аралығы болып табылады.

Ағымдағы жылдың есептік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-жұлдызынан кешіктірмей тоқсан сайын рұқсат құжаттар беретін уәкілетті органға қоршаған ортаға эмиссия төлемі Декларациясы 870.00 үлгісінде ұсынылады. Жылжымалы ластау көздері бойынша Декларация ластау көздерінің мемлекеттік тіркеу орны бойынша уәкілетті органға ұсынылады. Қоршаған ортаға эмиссия төлемі Декларациясын қабылдаған уәкілетті органның белгісімен Декларацияның көшірмесі ластау көздерінің орналасқан жері бойынша салық органына қағаз тасымалдағыш түрінде ұсынылады. «Қоршаған ортаға эмиссия төлемі бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жүргізіледі. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 7 қосымшасын қараңыз). «Қоршаған ортаға эмиссия төлемі бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағышта жүргізіледі. Жылдың соңында «Қоршаған ортаға эмиссия төлемі бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз түрінде басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

9. Салықтық бақылау

9.1. Салықтық бақылау – бұл салық органының ҚР салық заңнамалары мен ҚР өзге де заңнамалар нормаларының орындалуына жүргізілетін бақылауы, оған бақылау жүргізуді салық қызметі органына жүктелген.

9.2. Кәсіподақ қызметіне қатысты салықтық бақылау төмендегідей үлгіде жүргізіледі:

- салық органында ұйымды және оның бөлімшелерін тіркеу;

- салық үлгілерін қабылдау;

- салық міндеттемелерінің және міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен төлеу бойынша міндеттемелерді, есептеу және әлеуметтік аударымдарды төлеуінің орындалуын есепке алу.

9.3. Кәсіподақ ұйымы мен оның бөлімшелерінің мерзімінде салық органдарында тіркелуін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі лауазымды тұлғаларға талаптарды орындау үшін салық төлеушілер ретінде жеке жауапкершілік жүктеледі (ҚР СК 500-564 баптары):

- Салалық Кеңес бойынша – Кәсіподақ төрағасына;

- заңды тұлға мәртебесі бар облыстық, Астана, Алматы қалалары, аймақтық ұйымдар бойынша – ұйым төрағаларына;

- бөлімше бойынша – бөлімше төрағаларына.

9.4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің және осы салықтық есептілік саясатының талаптарына сәйкес салық үлгілерін мерзімінде ұсыну туралы жеке жауапкершілік төмендегі лауазымды тұлғаларға жүктеледі:

- Салалық Кеңес бойынша – бас есепшіге,

- заңды тұлға мәртебесі бар облыстық, Астана, Алматы қалалары, аймақтық ұйымдар бойынша – бас есепшілеріне;

- бөлімшелер бойынша – бөлімшелер есепшілеріне.

9.5. Тексеру барысында анықталған қателер мен кемшіліктерді жою жеке жауапкершілік 9.4. тармағында көрсетілген лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

9.6. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың толық ұсталуын, мерзімінде уәкілетті органға – жинақтаушы зейнетақы қорына аударуылуын, тексеру кезінде анықталған міндетті және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есептеу, ұстау мен аударуда жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді жою жеке жауапкершілігі 9.4. тармағында көрсетілген лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

9.7. Салық қызметі органдарымен салық төлеушінің тіркеу есептерінің деректері мен нақты мекен-жайының сәйкестігін орнату мақсатында салықтық тексеруді жүргізеді (тіркеу құжаттарында көрсетілген заңды мекен-жайына). Уәкілетті органдар заңды мекен-жайдың өзгеруіне байланысты мерзімінде қайта тіркеуден өткізу жеке жауапкершілігі кәсіподақ ұйымының төрағасына жүктеледі.

9.8. Салықтық тексеруді жүргізу кезінде салық төлеушінің тарапынан міндеттемелерді орындау жеке жауапкершілігі осы салық есептілік саясатының 9.3. тармағында көрсетілген лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

9.9. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің салықтық бақылау жүргізу бойынша ереже талаптарын бұзу Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексіне сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық жауапкершілігі қарастырылған.

10. Салықтық есептік саясатын сақтау жауапкершілігі

10.1. Салықтық есептік саясатын сақтау жауапкершілігі Кәсіподақ төрағасына жүктеледі.

10.2. Кәсіподақ төрағасы бас есепшінің немесе салық және бухгалтерлік есептілікті жүргізу міндеті жүктелген тұлғаның (заңды және жеке) материалдық жауапкершілігі туралы келісім-шартына ҚР Салық кодексінің талаптарын орындауда жіберілген әкімшілік құқықбұзушылықтарға лауазымды және заңды тұлғаларға салынған айыппұл санкциялары түрінде жіберілген шығындарға жеке материалдық жауапкершілік туралы ережелерді енгізуге құқылы.

10.3. Кәсіподақ төрағасының, сонымен қатар бас есепші немесе салық және бухгалтерлік есептілікті жүргізу міндеті жүктелген тұлғаның, талаптарын орындау Кәсіподақтың барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

**НАЛОГОВАЯ УЧЕТНАЯ ПОЛИТИКА
ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз
работников образования и науки»**

ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки», именуемый в дальнейшем «Профсоюз», зарегистрировано в Министерстве юстиции Республики Казахстан. Свидетельство о государственной регистрации № 1293-1900-00, форма собственности – частная, организационно-правовая форма – общественное объединение.

2. Профсоюзу присвоен Бизнес-идентификационный номер _____

3. Местонахождение: Республика Казахстан, г. Астана, район Алматы, пр. Абая 38, тел. 21-04-54.

4. Основной вид деятельности согласно Уставу: ОКЭД основной уставной деятельности 91200 (94120) (Общественное объединение). В качестве дополнительной деятельности, имеет право заниматься любым видом экономической деятельности, не запрещенной законодательством Республики Казахстан.

5. Настоящая учетная политика разработана на основе п. 4,5 ст. 56 и ст. 60 Кодекса РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» от 10.12.2008 г. № 99 - IV, введенного в действие с 01 января 2009 года Законом РК от 10.12.2008 года № 100 – IV «О введении в действие кодекса РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» и допущений о том:

а) что настоящая Налоговая учетная политика является для Профсоюза локальным документом, устанавливающим принятый им порядок ведения налогового учета с соответствии с Налоговым кодексом РК;

б) что Профсоюз действует и будет действовать в обозримом будущем;

в) каждый финансовый год начинается с 1 января и заканчивается 31 декабря.;

г) налоговым периодом для каждого вида налогов и платежей в бюджет являются периоды, отраженные в Налоговом кодексе РК, в течение финансового года.

I. ОРГАНИЗАЦИОННО – ТЕХНИЧЕСКИЙ РАЗДЕЛ

1. Управление, организационная структура

Должностными лицами, уполномоченными осуществлять управленческие функции являются: председатель профсоюза, председатели членских организаций профсоюза, руководители представительств, филиалов.

Ответственность за формирование учетной налоговой политики, ведение налогового учета, своевременное представление полной и достоверной налоговой отчетности несет главный бухгалтер. Руководство профсоюзной организации делегирует главному бухгалтеру полномочия принимать решения самостоятельно по вопросам формирования показателей финансовой отчетности и их составляющих, а также раскрытия связанной с ними информации.

2. Система налогового учета и внутреннего контроля

Налоговый учет в Профсоюзе ведется на основе данных бухгалтерского учета, который осуществляется в бухгалтериях в соответствии со следующими нормативными правовыми документами, регламентами и локальными актами Профсоюза:

- Кодексом Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»;

- Законом Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28 февраля 2007 года № 234 - III;
- Национальными стандартами финансовой отчетности № 2 от 21.06.2007г №217 Мин.фин.;
- Типовым планом счетов бухгалтерского учета, утвержденным приказом Министра финансов Республики Казахстан от 22 июня 2007 года № 185;
- Правилами ведения бухгалтерского учета, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 22 июня 2007 года № 221;
- учетной политикой Профсоюза;
- рабочим планом счетов Профсоюза;
- учетной налоговой политикой Профсоюза;
- методическими рекомендациями, инструкциями и другими нормативными актами по организации бухгалтерского учета.

Целью налогового учета является ведение Профсоюзом учетной документации в соответствии с требованиями Налогового Кодекса РК для обобщения и систематизации информации об объектах налогообложения и объектах, связанных с налогообложением, а также исчисления налогов и других обязательных платежей в бюджет и составления налоговой отчетности организаций Профсоюза.

Налоговый учет в Профсоюзе ведется таким образом, чтобы обеспечить:

- формирование полной и достоверной информации о порядке учета для целей налогообложения операций, осуществленных Профсоюзом в течение налогового периода;
- достоверное составление налоговой отчетности;
- предоставление информации органам налоговой службы для налогового контроля.

В случае выявления ошибок, допущенных при составлении налоговых отчетов предыдущих периодов, сумма корректировки ошибок отражается в дополнительных формах налоговой отчетности.

Изменения в налоговой учетной политике Профсоюза могут быть произведены в случаях:

- когда изменения в Налоговом кодексе влияют на изменение в налоговом учете;
- когда это изменение приведет к более достоверному представлению событий и операций в налоговой отчетности Профсоюза.

3. Учетная документация

Учетная документация включает в себя:

- бухгалтерскую документацию;
- налоговые формы;
- налоговую учетную политику;
- учетные регистры и иные документы, являющиеся основанием для определения объектов налогообложения и объектов, связанных с налогообложением, а также для исчисления налогового обязательства. Согласно п. 2 статьи 59 Налогового кодекса Республики Казахстан учетная документация Профсоюза, членских организаций, филиалов составляется и ведется на казахском и (или) русском языках.

Все бухгалтерские записи производятся на основании первичных документов, фиксирующих факт совершения хозяйственной операции. Первичные документы в Профсоюзе составляются в момент совершения операции, а если это не представляется возможным, - непосредственно по окончании операции. В бухгалтерском учете Профсоюза применяются Типовые формы первичных учетных документов, утвержденные приказом Министерства финансов Республики Казахстан от 21.06.2007 года № 216, и нетиповые формы (разработанные самим Профсоюзом), которые являются обязательным приложением к учетной политике.

Любой первичный документ имеет следующие реквизиты:

- дату составления документа;
- подпись и расшифровку подписи лица, составившего документ;
- четко написанную информацию самого документа (наименование ТМЗ, услуг, единицу измерения, количество, цену, сумму и т.д.);
- заполнение всех реквизитов, указанных в бланке первичной учетной документации;
- все подписи содержат расшифровку с указанием инициалов подписавшегося лица.

Бухгалтерские записи производятся как ручным способом, так и с помощью компьютеризированной системы учета 1С: Бухгалтерия, версии 7.7: 1С: Бухгалтерия, версии 8

Содержание первичных документов и регистров бухгалтерского учета являются информацией, составляющей коммерческую тайну согласно ст. 12 Закона РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности», доступ к которой предоставляется лишь лицам, которые имеют разрешение руководства Профсоюза (членских организаций), а также должностным лицам государственных органов в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Руководство Профсоюза (членских организаций) определяет лиц, имеющих право подписи бухгалтерских документов: гл. бухгалтеру, бухгалтерам филиалов

Налоговые формы включают в себя налоговую отчетность, налоговое заявление и налоговые регистры.

Налоговые формы составляются на бумажном и электронном носителях на казахском и (или) русскоязыках. Налоговые формы подписываются председателем, главным бухгалтером, лицом, которое составило данную форму и заверяются печатью. Налоговые формы хранятся в течение срока исковой давности, установленного ст.46 Налогового кодекса Республики Казахстан.

Налоговая отчетность – это документ, представляемый в органы налоговой службы в соответствии с порядком, установленным Налоговым кодексом Республики Казахстан, который содержит сведения о профсоюзной организации, об объектах налогообложения, а также об исчислении налоговых обязательств, обязательных пенсионных взносов, социальных отчислений.

Налоговая отчетность включает в себя налоговые декларации, расчеты, приложения к ним, подлежащие составлению и представлению соответствующей профсоюзной организацией по видам налогов, других обязательных платежей в бюджет, обязательным пенсионным взносам и социальным отчислениям. Формы налоговой отчетности утверждаются уполномоченным органом с учетом положений статей 65–67 Налогового кодекса Республики Казахстан.

Согласно ст.63 п.3 Налогового кодекса Республики Казахстан, налоговая отчетность подразделяется на:

- первоначальную налоговую отчетность;
- очередную налоговую отчетность;
- дополнительную налоговую отчетность;
- дополнительную по уведомлению налоговую отчетность;
- ликвидационную.

Налоговая отчетность представляется в налоговые органы в порядке и сроки, установленные Налоговым Кодексом Республики Казахстан. Налоговая отчетность представляется:

- в явочном порядке;
- по почте заказным письмом с уведомлением;
- в электронном виде.

При отсутствии объектов налогообложения налоговая отчетность не представляется.

Отзыв налоговой отчетности в соответствии со ст.69 Налогового Кодекса РК, производится на основании налогового заявления, которое подается в налоговый орган по причине:

- ошибочно представленной налоговой отчетности;
- отзыва ликвидационной налоговой отчетности;
- при возобновлении деятельности до начала проведения налоговой проверки в соответствии со ст.37,38,40-43 НК РК.

Ошибочно представленной налоговой отчетностью является отчетность, в которой не указан и (или) неверно указаны: код валюты; статус резидентства. Во всех остальных случаях, вопросы решаются особым образом, в конкретном случае.

Внесение изменений в налоговую отчетность в соответствии со ст.70 Налогового Кодекса РК производится путем составления дополнительной налоговой отчетности за налоговый период, к которому относятся данные изменения и дополнения. В дополнительной налоговой отчетности указывается разница между суммами, указанными в ранее представленной налоговой отчетности, и фактическими показателями налоговых обязательств или расчетов.

Налоговое заявление в соответствии ст. ст. 75-76 Налогового Кодекса РК является документом, представляемым в орган налоговой службы с целью реализации прав и исполнения

обязанностей налогоплательщика. Формы налоговых заявлений утверждаются уполномоченными органами. Налоговое заявление может быть представлено в тех же формах, что и налоговая отчетность.

